МАҚҰЛДАНДЫ
«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
Стратегиялық жоспарлау жөніндегі
комитеттінің 2021 жылғы «14» желтоқсандағы
шешімімен
хаттама № 10

БЕКІТІЛДІ
«Электрондық қаржы
орталығы» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2021 жылғы «29» желтоқсандағы
шешімімен
хаттама № 17

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының 2020 жылғы жылдық есебі

Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 жыл

Мазмұны

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесі Төрағасының алғы сөзі 3
«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы Басқарма Төрағасының алғы сөзі 5
1. Жалпы мәліметтер 8
2. Есептік жыл үшін..... 11
операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелері 11
2.1 Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін талдау..... 11
2.2 2020 жылдың қорытындылары. Негізгі жетістіктер..... 13
2.2.1 «Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесі (ЭМС АИАЖ) 13
2.2.2 «е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі («е-Қаржымині» ИААЖ)..... 15
2.2.3 Мемлекеттік қолдау шараларының объектілік мониторингінің кіші жүйесі (МҚШ)..... 17
2.2.4 «Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі» (ҚИАЖ) «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі (ҚКАЖ)..... 17
2.2.5 «Мемлекеттік жоспарлау» ақпараттық жүйесі (МЖАЖ) 18
2.2.6 Салықтық және кедендік әкімшілендіру саласындағы ақпараттық жүйелер (МКК АЖ) 20
2.2.7 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің бірыңғай ақпараттық талдау жүйесі (ҚР ҚМ ҚМК БАТЖ) 25
2.2.8 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің API сервистері 26
2.2.9 Байланыс-орталығы..... 28
3. Тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі..... 29
4. Корпоративтік басқару..... 30
5. Тұрақты даму 32
6. Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік..... 33
7. 2021 жылға арналған мақсаттар мен жоспарлар..... 36
7.1 «Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесі (ЭМС АИАЖ) 36
7.2 «е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі («е-Қаржымині» ИААЖ)..... 37
7.3 Мемлекеттік қолдау шараларының объектілік мониторингінің кіші жүйесі (МҚШ) 37
2021 жылға арналған мемлекеттік қолдау шараларының (МҚШ) объектілік мониторингінің кіші жүйесінде мынадай іс-шараларды орындау қарастырылған:..... 37
7.4 «Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі» (ҚИАЖ) «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі» (ҚКАЖ)..... 38
7.5 «Мемлекеттік жоспарлау» ақпараттық жүйесі (МЖАЖ)..... 38
7.6 Салықтық және кедендік әкімшілендіру саласындағы ақпараттық жүйелер (МКК АЖ) 39
7.7 Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің Бірыңғай ақпараттық талдау жүйесі (ҚР ҚМА БАТЖ)..... 40
7.8 ҚР ҚМ API сервистері..... 41
7.9 Байланыс орталығы 41

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесі Төрағасының алғы сөзі

Құрметті әріптестер, серіктестер, инвесторлар «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің атынан алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер!

«Электрондық қаржы орталығы» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің атынан барлық серіктестерге жемісті ынтымақтастығы үшін, Жалғыз акционерге қолдау көрсеткені үшін, ал ұжымға Директорлар кеңесі қойған міндеттерді іске асыру және тиімді әрі сенімді жұмысқа үлес қосқаны үшін алғыс білдіремін!

2020 жылдың тұрақты өндірістік және қаржылық нәтижелері алдағы кезеңде Қоғам алдында тұрған міндеттерді табысты шешудің іргетасы болады деп сенемін.

Қазіргі уақытта Қоғам бюджет процесі саласындағы, кіріс және шығыс бөлігінде, мемлекеттік органдардың жүйелерін ақпараттандыру саласындағы жұмыс тәжірибесі мол, сонымен қатар барлық қажетті кәсіптік, әкімшілік ресурстарға ие жетекші, бейінді және мамандандырылған ұйым болып табылады.

Қоғам Мемлекеттік сатып алу операторы және Электрондық сатып алу операторы ретінде «Электрондық мемлекеттік сатып алу» порталын дамытуды, сүйемелдеуді және әкімшілендіруді жүзеге асырады.

Интегратор ретінде мемлекеттік (бюджеттік) жоспарлаудың ақпараттық жүйесін дамыту, «е-Қаржымині» + Мемлекеттік қолдау шаралары жобаларын, Қазынашылық комитетінің ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу мен әкімшілендіру, салықтық және кедендік әкімшілендіру, сондай-ақ қаржы мониторингі жобаларын басқару, мемлекеттік тапсырма шеңберінде салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйесін құру жүзеге асырылуда.

Қолданыстағы модель нарық пен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мүдделері арасындағы теңгерім болып табылады, IT-нарығының құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасамайды, себебі қолданыстағы заңнама шеңберінде бағдарламалық қамтылымды әзірлеу үшін отандық әзірлеуші компаниялар тартылады.

Өткен 2020 жыл біз үшін ерекше жыл болды. Коронавирустық пандемияға байланысты біз, көптеген басқа ұйымдар мен мемлекеттік органдар сияқты, өз қызметін қайта құруға мәжбүр болдық. Осы кезеңде бизнес-

қызметін қайта құруға мәжбүр болдық. Осы кезеңде бизнес-процестерді автоматтандыру және цифрландыру қажеттілігін түсіну ерекше маңызды болды.

Жалпы, 2021 жылы даму серпінін сақтауға бағытталған «Электрондық қаржы орталығы» АҚ-ның барлық негізгі бастамалары алға қойылған міндеттерге қол жеткізуге және елдің IT-саласын нығайтуға лайықты үлес қосуға мүмкіндік береді.

Құрметпен,
«Электрондық қаржы орталығы» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы -
Қазақстан Республикасының Қаржы вице-
министрі

Б. Қожахметов

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы Басқарма Төрағасының алғы сөзі

Құрметті әріптестер, серіктестер, бизнес және мемлекеттік органдардың өкілдері!

Пандемия Қазақстан экономикасының барлық субъектілері үшін елеулі сынақ болды. Қазақстан тәуелсіздік алған күннен бастап бүкіл кезеңдегі теңдесі жоқ ағымдағы жағдай, көптеген сұрақтардың туындауына әкеледі. COVID-19 пандемиясының елеулі қысымының салдарынан Қазақстан Республикасында және әлемнің көптеген салаларындағы бизнес-процестер бұзылған. Алайда, қашықтықтан жұмыс істеудің жаңа жағдайларында Қоғаммен белгіленген шектеулер шеңберінде үздіксіздікті, сондай-ақ Қоғамның бизнес-процестерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында операциялық қызметтің тәуекелдерін қорғауды және азайтуды қамтамасыз ететін жедел шаралар қабылдады.

2020 жылғы жағдай бойынша «Электрондық мемлекеттік сатып алу» жобасы толығымен электрондық форматқа ауыстырылды, осылайша мемлекеттік сатып алу процедураларын 100% цифрландыруды қамтамасыз етті. Маңызды іс-шаралар өткізілді, атап айтқанда: электрондық әмиянды енгізу, android нұсқасында ЭЦҚ қолданбай мобильді қосымшаның бірінші кезеңін іске қосу, технопарк жабдықтарын жаңарту және т.б.

Нәтижесінде, 2020 жылы мемлекеттік сатып алуды өткізуден мемлекеттің үнемделуі 448,1 млрд.теңгені құрады, бұл 2019 жылға қарағанда 87,1 млрд. теңгеге артық.

2020 жылы «е-Қаржымині» жобасының «Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі» кіші жүйесінде мемлекеттік сатып алу бөлігінде «Электрондық ішкі мемлекеттік аудит» модулі іске қосылды.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында 2020 жылғы 24 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында мемлекеттік қолдау шараларының объектілік мониторингі жүйесін құру тапсырылды. Осы тапсырмаға сәйкес: әрбір субъект және әрбір шарт бойынша 2014 жылдан бастап 2020 жыл аралығында МҚШ беретін 13 операторы бойынша деректер жинау; 2014 жылдан бастап 2020 жыл аралығында төленген салықтар бойынша ҚР ҚМ МКК бойынша деректер жинау; МҚШ-ның бюджеттік, әлеуметтік-экономикалық және қаржы-

2020 жылы мемлекет тарихында алғаш рет 2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет қағазда қайталаусыз толығымен электрондық түрде қалыптастырылды. Бұл «қолмен» жоспарлаумен (қағаз, пошта қызметтері, іссапар шығыстары және т.б.) байланысты уақыт пен бюджет шығындарды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді.

Бюджеттің транспаренттілігі үшін «Ашық бюджеттер» порталымен интеграция іске асырылды. Азаматтар бюджет шығыстары не үшін және қанша жоспарланғанын көрнекі түрде қарап, түсініктеме қалдыра алады және бастамаға дауыс бере алады.

Осының барлығы шешімдер қабылдаудың тиімділігін арттыру мақсатында атқарушы билік органдары пайдаланатын мемлекеттік қаржыны басқару саласындағы деректердің айқындығын, толықтығын, анықтығын, өзектілігін, қарама-қайшылығы мен тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған және тұтастай алғанда халықтың мемлекетке деген сенімін арттыруы тиіс.

Жалпыға бірдей декларациялау процесі бойынша дайындық жұмыстары басталды. Осылайша, Салық төлеушінің кабинетінде және «e-Salyq Azamat» мобильдік қосымшасында «Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларация» (нысан 250.00) іске асырылды.

«e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасында жеке тұлғаларға арналған «Электрондық салық әмияны» іске асырылды. Сервис азаматтарға дайын деректемелер бойынша төлем жүргізу мүмкіндігімен бір мезгілде оны төлеу мерзімі басталғанға дейін алдағы салық сомасын білуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, салық әмиянында мүлікке, жерге және көлік құралына қолда бар салық салу объектілері бойынша онлайн толтыруды, автотасымалдауды және қарауды жүргізуге болады. Салық салу объектілері бойынша деректерді түзетуге уәкілетті мемлекеттік органдарға электрондық өтінімдерді жіберу мүмкіндігі іске асырылды.

Әуе көлігімен әкелінетін тауарлар туралы кеден органдарын алдын ала хабардар ету бөлігінде «e-Freight» әуе жүк тасымалы саласындағы қағазсыз құжат айналымы ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылын іске асыруы; Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік Кеден комитетінің тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала мәліметтер алмасу жөніндегі ақпараттық жүйесімен интеграциялау бөлігінде түрлендіруді іске асыруы; «АСТАНА-1» АЖ сыртқы ақпараттық жүйелермен интеграциясын оңтайландыру үшін Open-API форматында «Бірыңғай терезе» ақпараттық жүйесінде бағдарламалық интерфейсіне қолдау көрсетуді іске асыру 2020 жылы «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесін барынша түрлендіру болып табылады.

Жоғарыда аталған ақпараттық жүйелермен қатар, бюджет процесін автоматтандыруға қолдау көрсету мақсатында Қоғаммен мұраға қалдырылған ақпараттық жүйелерге (ҚЖҚН (қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру және нақтылау), БПМ (бюджет процесінің мониторингі) және Елдің мемлекеттік мекемелері үшін тоқсандық және бюджеттік есептілікті жинақтау (ҚР 100-ден астам ММ) техникалық қолдау көрсетеді.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу саласындағы оператор ретінде «СК-Фармация» ЖШС, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры үшін электрондық сатып алудың коммерциялық алаңдарын сүйемелдеу жүзеге асырылады.

Тәжікстан Республикасының Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу агенттігі мен Қоғам арасында жасалған 2017 жылғы шарт шеңберінде Тәжікстан Республикасының мемлекеттік сатып алудың ақпараттық жүйесін әзірлеу бөлігінде консультациялық қызмет жүзеге асырылды. Бұл жоба Дүниежүзілік Банктің Тәжікстан Республикасына бөлген гранты аясында жүзеге асырылды. Жоба 2017 жылдың қараша айында аяқталды. 2020 жылы Дүниежүзілік банк Қоғам атына Тәжікстан Республикасының ағымдағы мемлекеттік сатып алу жүйесін дамыту үшін тікелей шарт жасасуға шақыру жіберілді. Іске асыру мерзімі 2021 жылғы шілде айының соңына дейін.

2020 жылды қорытындылай келе, «Электрондық қаржы орталығы» АҚ – өзгермелі нарықтық жағдайларға бейімделуде мол тәжірибесі бар компания екенін атап өтуге болады. Мен, Қоғамның болашағы зор екеніне және барлық бағыттар бойынша айтарлықтай өсуді қамтамасыз ететінімізге нық сенімдімін. Қол жеткізілген нәтижелер, белгіленген мақсаттарды іске асыру қабылданатын шешімдердің тиімділігі туралы куәландырады және ағымдағы жылы қызметіміздің басым бағыттарына негізделе отырып, біз өзіміздің миссиямызды және Қазақстанның экономикалық дамуын IT бағытта жүзеге асыруды жалғастырамыз.

Құрметпен,
«Электрондық қаржы орталығы» АҚ
Басқарма Төрағасы **Э. Қазғанбаев**

1. Жалпы мәліметтер

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) «Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 5 мамырдағы № 248 қаулысына сәйкес «Электрондық коммерция орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қайта құру жолымен құрылды.

«Электрондық коммерция орталығы» акционерлік қоғамын қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 қарашадағы №792 қаулысына сәйкес Қоғам «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы болып қайта аталды.

Жарғыға сәйкес:

1) деректерді орналастыру және өңдеу бойынша қызметтер;

2) веб-порталдар Қоғам қызметінің мәні мыналар болып табылады

Мыналар:

1) мемлекеттік сатып алу веб-порталын және мемлекеттік қаржы саласындағы өзге де ақпараттық жүйелерді дамыту, енгізу, сүйемелдеу және жүйелік-техникалық қызмет көрсету;

2) мемлекеттік сатып алу веб-порталын және мемлекеттік қаржы саласындағы өзге де ақпараттық жүйелерді құру, дамыту, енгізу, сүйемелдеу және жүйелік-техникалық қызмет көрсету бойынша жобаларды басқару функцияларын жүзеге асыру;

3) мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану (қол жеткізу) бойынша қызметтерді, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу веб-порталы/ақпараттандыру объектілері арқылы деректерді орналастыру және қайта өңдеу бойынша қызметтерді, электрондық қызметтерді ақылы негізде көрсету;

4) өтеусіз негізде мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеуі мәселелері бойынша мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілеріне консультациялық көмек көрсету;

5) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің электрондық ақпараттық ресурстарын сақтаудың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталын ақпараттық толықтыруды жүзеге асыру;

7) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды интеграциялау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша уәкілетті субъектілермен өзара іс-қимыл жасау;

8) анықтамалықты енгізе отырып, тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың дерекқорын енгізу және сүйемелдеу;

9) ақпараттық жүйелерді дамытуды, енгізуді, сүйемелдеуді іске асыру шеңберінде бағдарламалық қамтамасыз етуді/ақпараттандыру объектісін жеткізу (әзірлеу және енгізу) ;

10) өтеусіз негізде ақпараттандыру саласындағы техникалық регламенттерді, мемлекеттік және салалық стандарттарды әзірлеуге қатысу;

11) тиісті тауар нарығында бәсекелестікті шектеуге жол бермеу шартымен орталық және жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тапсырысы бойынша қажет болған кезде семинарлар, конференциялар мен курстар ұйымдастыруды қоса алғанда, оқу бағдарламаларын әзірлеу, оқытуды ұйымдастыру және өткізу, электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

12) мемлекеттік мүлікті есепке алуды өтеусіз негізде жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

13) Қаржы министрлігі мен оның құрылымдық бөлімшелері (ұйымдары) үшін мемлекеттік қаржы саласындағы деректерді сараптамалық-талдамалық бағалау;

14) Қаржы министрлігі мен оның құрылымдық бөлімшелері (ұйымдары) үшін мамандандырылған есептер мен әдіснамалық ұсынымдар әзірлеу;

15) бюджет процесі саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға және дамытуға арналған пайдалану құжаттамасын қоспағанда, техникалық құжаттаманы әзірлеуді жүзеге асыру;

16) бюджет процесі саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді және сүйемелдеуді жүзеге асыру;

17) бюджет процесі саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құру, дамыту, жүйелік-техникалық қызмет көрсету және сүйемелдеу жөніндегі жобаларды басқаруды жүзеге асыру;

18) бюджет процесі саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің субъектілеріне консультациялық көмек көрсету;

19) бюджет процесі саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің ақпараттық қауіпсіздігінің Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

20) Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы заңнамасында көзделген қажетті іс-шараларды іске асыру арқылы автоматтандыру, оның ішінде бюджет процесін автоматтандыру;

21) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу веб-порталын/ақпараттандыру объектісін құруды, дамытуды, сүйемелдеуді және жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді (техникалық қолдауды) жүзеге асыру;

22) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу веб-порталын/ақпараттандыру объектісін дамыту жөніндегі жобаларды басқаруды жүзеге асыру;

23) денсаулық сақтау субъектілеріне дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу веб-порталын/ақпараттандыру объектісін пайдалану бойынша қызметтер көрсету;

24) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу веб-порталының/ақпараттандыру объектісінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша денсаулық сақтау субъектілеріне консультациялық көмек көрсету;

25) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу веб-порталында орналастырылған мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің/ақпараттандыру объектісінің электрондық ақпараттық ресурстарын сақтау;

26) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу тәртібіне сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу веб-порталын/ақпараттандыру объектісін ақпараттық толықтыруды жүзеге асыру Қоғам қызметінің негізгі түрлері болып табылады.

Қоғам өкілеттігінің заңнамалық кеңеюіне байланысты «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы» бірінші Қаржы вице-министрі Б. Шолпанқұловтың 2020 жылғы 29 сәуірдегі №428 бұйрығымен Қоғам Жарғысының 15-тармағының 2), 3), 9), 20)-26) тармақшаларына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл түзетулердің мақсаты «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген оның өкілеттіктерін Қоғам Жарғысында көрсету болып табылады.

Қоғам мемлекет бекіткен мәртебеге ие:

– Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор («Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 23 тамыздағы № 516 бұйрығы);

– Бюджет процесі саласындағы Интегратор («Бюджет процесі саласындағы интеграторды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 18 қаңтардағы № 29 бұйрығы);

– Әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеуді жүзеге асыратын және білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесін қалыптастыратын біліктілік органы («Біліктілік органын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы бірінші вице-министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 524 бұйрығы);

– Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу саласындағы бірыңғай оператор («Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 19 маусымдағы №323 бұйрығы);

– Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы («Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінің операторын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы бірінші вице-министрінің 2019 жылғы 31 қазандағы № 1202 бұйрығы).

туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы бірінші вице-министрінің 2019 жылғы 31 қазандағы № 1202 бұйрығы).

2. Есептік жыл үшін операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелері

2.1 Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін талдау

Қоғамның 2020 жылғы кірістері **9 836 138** мың теңгені құрады, оның ішінде: түсім – 9 130 913 мың теңге (қызмет түрлері бойынша кірістер суретте көрсетілген).

Көрсетілетін қызметтер бөлінісінде Қоғамның 2020 жылғы кірістері



Қызметтер	мың тг.	Үлес салмағы, %
Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін (ҚИАЖ) сүйемелдеу қызметтері	194 669	*2,1*
Мемлекеттік жоспарлаудың (бюджеттік жоспарлаудың) ақпараттық жүйесін сүйемелдеу және әкімшілендіру қызметтері	229 935	*2,5*
Мемлекеттік жоспарлаудың (бюджеттік жоспарлаудың) ақпараттық жүйелерін дамыту	342 574	*3,8*
«е-Қаржымині» ИААЖ сүйемелдеу және әкімшілендіру қызметтері	779 468	*8,6*
«Тәуекелдерді басқару жүйесі» АЖ сүйемелдеу және әкімшілендіру қызметтері	376 392	*4,1*
Салық және кеден заңнамасы саласындағы ақпараттық жүйені (АЖ) сүйемелдеу қызметтері	1 271 856	*13,9*
Қаржы мониторингі комитетінің бірыңғай ақпараттық талдау жүйесін техникалық сүйемелдеу қызметтері (ҚР ҚМ ҚМК БАТЖ)	381 660	*4,2*
«Жалған кәсіпорын» АЖ кіші жүйелік модулін сүйемелдеу қызметтері	66 611	*0,7*

Қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру және нақтылау АЖ сүйемелдеу қызметтері	44 093	*0,5*
«Электрондық коммерциялық сатып алу» АЖ сүйемелдеу қызметтері	178 047	*1,9*
Ақпараттық жүйені («АСТАНА-1» АЖ) сүйемелдеу және техникалық қолдау көрсету қызметтері	281 906	*3,1*
Ақпараттық жүйені («Е-терезе» АЖ)сүйемелдеу және техникалық қолдау көрсету қызметтері	103 503	*1,1*
	9 130 913	*100,0*

Қоғамның 2020 жылғы шығыстары небәрі **8 640 448** мың теңгені құрады.

Сатылған өнімнің өзіндік құны 7 625 885 мың теңгені құрады. Әкімшілік шығыстар – 662 823 мың теңге, өзге де шығыстар – 351 740 мың теңге.

Аутсорсинг бойынша қызметтерге, еңбекке ақы төлеуге, үй-жайларды жалға алуға арналған шығындар, салықтар және басқа да шығыстар қоғам шығындарының негізгі баптары болып табылады.

Қоғамның активтері 2020 жылдың соңында 13 769 504 мың теңгені, меншікті капиталдың мөлшері 2020 жылдың соңында 1 671 379 мың теңгені құрады.

2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылғы қаржылық көрсеткіштер

мың теңгемен

Көрсеткіштер	2019 жыл	2020 жыл	Ауытқу %
Кірістер, барлығы оның ішінде:	**6 597 477**	**9 836 138**	49%
түсім	6 406 487	9 130 913	43%
Басқа да кірістер	190 990	705 225	269%
Шығыстар, барлығы оның ішінде:	**5 788 341**	**8 640 448**	49%
Өткізілген тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	5 333 326	7 625 885	43%
Әкімшілік шығыстар	443 144	662 823	50%
Өзге де шығыстар	11 871	351 740	2863%
Салық салынғанға дейінгі пайда	**809 136**	**1 195 689**	48%
Табыс салығы бойынша шығыстар	320 648	280 417	(13%)
Кезең ішіндегі жиынтық пайда (зиян)	**488 488**	**915 272**	87%
Активтердің рентабельділігі, %	**10,93**	**6,65**	(39%)
Меншікті капиталдың рентабельділігі, %	**36,73**	**54,76**	49%
Табыстардың рентабельділігі, %	**7,4**	**9,31**	26%

Тұтастай алғанда, Қоғамның қаржылық жағдайын талдаудан, кірістер, пайда, рентабельділік сияқты негізгі экономикалық көрсеткіштердің жақсару (өсу) үрдісі байқалады, бұл Қоғамның тиімді өндірістік қызметінің алғышарттары болып табылады және оның кірістілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

2020 жылға бөлінген пайда және Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеу бойынша ақпарат

Жалғыз акционердің («Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту және таза табысын бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушы М. Сұлтанғазиевтің 2021 жылғы 23 шілдедегі № 718 бұйрығы) шешіміне сәйкес Қоғамның 2020 жылғы таза табысы 915 272 000 (тоғыз жүз он бес миллион екі жүз жетпіс екі мың) теңге мөлшеріндегі соманы құрады, ол мынадай тәртіппен бөлінген:

– 640 690 400 (алты жүз қырық миллион алты жүз тоқсан мың төрт жүз) теңге мөлшеріндегі сома республикалық бюджеттің кірісіне акциялардың мемлекеттік пакеті бойынша дивидендтер төлеуге бағытталған; 2020 жылғы дивидендтің мөлшері бір жай акцияға есептегенде 1 181,7 теңгені құрады;

– 135 126 000 (бір жүз отыз бес миллион бір жүз жиырма алты мың) теңге мөлшеріндегі сома 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №2/57 «Электрондық мемлекеттік сатып алу» мемлекеттік ақпараттық жүйесін кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт бойынша Республикалық бюджеттің кірісіне жіберілді;

– 139 455 600 (бір жүз отыз тоғыз миллион төрт жүз елу бес мың алты жүз) теңге мөлшеріндегі сома Қоғамның иелігінде қалды.

Жарғылық капиталдың құрылымы

Жарғылық капиталдың мөлшері: 542 178 000 (бес жүз қырық екі миллион бір жүз жетпіс сегіз мың) теңге, жай акциялар.

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қоғамның құрылтайшысы болып табылады. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – ҚР ҚМ) жүзеге асырады.

Акциялардың жалпы саны: 542 178 (бес жүз қырық екі мың бір жүз жетпіс сегіз) дана жалпы сомасы 542 178 000 (бес жүз қырық екі миллион бір жүз жетпіс сегіз мың) теңге.

2.2 2020 жылдың қорытындылары. Негізгі жетістіктер

2.2.1 «Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесі (ЭМС АИАЖ)

Жобаның мақсаты мемлекеттік сатып алудың бизнес-процестерін автоматтандыру, сатып алу процедураларын өткізудің ашықтығын қамтамасыз ету және тексеруші органдарға сатып алу мониторингі функцияларын беру болып табылады.

2020 жылғы жағдай бойынша ЭМС АИАЖ толығымен электрондық форматқа ауыстырылды, осылайша мемлекеттік сатып алу процедураларын 100% цифрландыруды қамтамасыз етті.

Қазіргі уақытта белсенді әлеуетті өнім берушілер саны - 109 мың, тапсырыс берушілер саны – 24 мың.

Жүйені қаржыландыру мемлекеттік сатып алудың бірыңғай операторы – Қоғамның өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Осылайша, сатып алу рәсімдерін толық автоматтандыруға көшкеннен кейін, 2018 жылдан бастап Жүйені дамытудың негізгі бағыттары сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыт болып табылады:

– бір көздің үлесін азайту;

– 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы бойынша өнім берушіні негізсіз таңдау мүмкіндігінің болмауы
«Мемлекеттік сатып алу туралы» жоғары баға бойынша;

– сатып алу жеңімпазын анықтауда адамның қатысу үлесін қысқарту;

– «қайрауды» болдырмау үшін тауарларға үлгілік техникалық ерекшеліктерді қалыптастыру;

– тексеруші органдардың сатып алуды ұйымдастырушылармен/тапсырыс берушілермен тікелей байланысын болдырмау.

Кестеде Жүйенің негізгі басты түрлендіруі көрсетілген

Қалай болды	2019 жылы қалай болды	2020 жылы қалай болды
• Жүйеде **50**-ге жуық жетілдіру орындалды; • мемлекеттік сатып алулардың шағымдары мен аудиті бойынша құжаттарды қағаз нысанда жіберу; • қағаз нысанда сатып алуды жүргізу (2009 жылға дейін); • үлестестікті қолмен тексеру; • мүлік туралы, оның ішінде тыйым салу туралы қағаз анықтамаларды жүктеу; • мүгедектер бірлестіктері ұйымдарының тізілімін қол режимінде жүргізу; • орталықтандырылмаған сатып алулар (ұйымдастырушы деңгейінде орталықтандыру); • ҚР БҒМ азық-түлікті сатып алуды қағаз түрінде өткізу; • «Ерекше тәртіп» сатып алу жеткізушілерін қағаз түрінде анықтау.	• Жүйеде **150**-ге жуық жетілдіру орындалды; • электрондық шағымдану және мемлекеттік аудит; • өнім берушілердің конкурстық комиссия мүшелерімен үлестестігін автоматты түрде тексеру; • мүліктің болуы/болмауы туралы, мүлікке салынған тыйым салу туралы анықтамаларды онлайн алу; • ұйымдардың мүгедектердің болуын және мүгедектерге аударымдарды автоматты түрде тексеру; • орталықтандырылған сатып алу (лоттарды бірыңғай лотқа біріктіру); • өнім берушілерді алдын ала біліктілік іріктеуді енгізу; • өтінім бергеннен кейін бәсекелес-қатысушылардың құжаттамасын қарау мүмкіндігін болдырмау.	• Жүйеде **186**-ға жуық жетілдіру орындалды; • ҚМЖ бойынша жеткізушілердің жұмыс тәжірибесінің депозитарийін іске асыру (сатып алуға жұмыс тәжірибесін өзгерту мүмкіндігінің болмауы) –ҚР ҚМ ҚК тексереді және бекітеді; • тауарлардың электрондық каталогын (дүкен) қолдануды пилоттық іске асыру; • арнайы тәртіпті енгізу; • **электрондық әмиянды** енгізу (бірыңғай оператордың қамтамасыз ету шоты арқылы өтінімдерді қамтамасыз етуді төлеу); • мектеп/ мектепке дейінгі мекемелерде **тамақтану қызметтерін сатып** алу автоматтандырылған; • ҚР ІІМ мен ҰҚК үшін ***«Ерекше тәртіп»*** тәсілі үшін **өнім берушілердің**

		тізбесін айқындау автоматтандырылған; • камералдық бақылау сапасын бақылау; • Android нұсқасында ЭЦҚ қолданбай **мобильді қосымшаның** бірінші кезеңін іске қосу; • **технопарк жабдықтарын жаңарту;** • байланыс орталығы тәулік бойы **жұмыс істейді 24*7*365;** • консультациялық қолдау көрсетудің **тегін** телефон желісі іске қосылды; • **смс**-ақпараттандыру іске қосылды.

Жоғарыда көрсетілген «Электрондық мемлекеттік сатып алу» (ЭМС АИАЖ) жүйесін дамыту мынадай нәтижелерге әкелді:

– бәсекеге қабілеттілікті арттыру – бір лотқа орта есеппен 3,3 өнім беруші;

– мемлекеттік бюджетті шартты үнемдеу сомасын ұлғайту – 2018 жылғы 290 млрд.-тан 2020 жылы 448,1 млрд.-қа дейін;

– бизнес үшін үнемдеу сомасын ұлғайту - 2018 жылғы 13 млрд.-тан 2020 жылдың қорытындысы бойынша 15,2 млрд.-қа дейін;

– жеңіске «мүдделі емес» жеткізушілер санын қысқарту - 200 мыңнан 100 мыңға дейін;

– өнім берушілерді адалдыққа тексеру бөлігінде комиссия мүшелеріне жүктемені қысқарту;

– тексеруші органдар мен сатып алуды ұйымдастырушылардың тікелей байланысын болдырмау;

– жүйенің істен шығуының тұрақтылығы 2020 жылы 99,5% - дан 99,99% - ға дейін.

2.2.2 «е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі («е-Қаржымині» ИААЖ)

«е-Қаржымині» ИААЖ интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – Жүйе, е-Қаржымині) ҚР ҚМ Мемлекеттік функцияларды орындау және Мемлекеттік қызметтерді ұсыну бойынша кешенді автоматтандыруға (бизнес-процестерге) арналған.

Жүйе ҚР ҚМ және оның комитеттерінің ақпараттық ресурстарын бірыңғай конфигурациясы бар орталықтандырылған ақпараттық жүйеге интеграциялау және оның қосымшалары мен ресурстарына қауіпсіз және сенімді қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы құрылатын ҚР қаржысын басқару

саласында бірыңғай ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымды қамтамасыз етеді.

«е-Қаржымині» ИААЖ ҚР ҚМ және оның комитеттері қызметінің әрбір бағыты бойынша сапалы жаңа, басқарылатын ат-архитектурасын құруды және айқындылық пен тиімділікті арттыруды білдіреді.

Кіші жүйелерді сүйемелдеу шеңберінде «е-Қаржымині» ИААЖ пайдаланушылары үшін 1 қаңтардан бастап

2020 жылғы 31 желтоқсан аралығында көрсетілген консультациялардың жалпы саны – 16364 өтініш. «е-Қаржымині» ИААЖ пайдаланушыларының жалпы саны - 3595.

2020 жылы ҚР министрліктерімен 4 интеграция және ҚР ҚМ Орталық аппаратымен және комитеттерімен 3 интеграция іске асырылды. 3 интеграция бойынша сервистер 2.0 ЭҮШ (Есеп комитеті⇨ЕК ИАЖ , ЦДИАӨМ⇨ЭҮТШ , ӘМ ⇨ЗТ МДБ) ауыстырылды.

Қолданбалы бағдарламалық қамтылымның жұмыс істеуіне мониторинг жүргізілді (32 жүйемен интеграциялау, 100-ден астам веб-сервисті сүйемелдеу).

Пайдаланушыларға жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу (бағдарламалар мен ерекшеліктер арасындағы бюджетке 180 түзету), «Бухгалтерлік есеп» кіші жүйесімен, ҚЖҚН АЖ мен «Қазынашылық-клиент» АЖ интеграцияны мониторингтеу және әкімшілендіру бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша жұмыстар орындалды.

Бағалаушылар палаталарының есептілікті ұсыну процесі автоматтандырылды, бұл қағаз есептілікті алып тастауға, есептілік бойынша бұзушылықтарды қарау уақытын 2 айдан 10 күнге дейін қысқартуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және бағалаушылар палаталарының курьерлік шығыстарын болдырмауға мүмкіндік берді.

«Кәсіби және аудиторлық ұйымдардың есептілік тізбесін, нысандарын және ұсыну кезеңділігін, сондай-ақ аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі ақпарат нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 19 қаңтардағы № 34 бұйрығына сәйкес кәсіби аудиторлық ұйымдардың (бұдан әрі - КАҰ) есептілік нысандарына өзгерістер енгізілді.

«Кәсіби ұйымдардың, сертификаттау жөніндегі ұйымдардың есеп беру тізбесін, нысандарын және мерзімділігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 467 бұйрығына сәйкес бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдардың (бұдан әрі – БКСҰ), МКҚҚ есептілік нысандарына өзгерістер енгізілді.

Кіші жүйелерді сүйемелдеу шеңберінде «е-Қаржымині» ИААЖ жобасы шеңберінде 44 жетілдіру іске асырылды, сондай-ақ 1-4 тоқсанда «е-Қаржымині» ИААЖ сүйемелдеу бойынша орындалған жұмыстардың актілеріне қол қойылды және жабылды.

2.2.3 Мемлекеттік қолдау шараларының объектілік мониторингінің кіші жүйесі (МҚШ)

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында 2020 жылғы 24 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында мемлекеттік қолдау шараларының объектілік мониторингі жүйесін құру тапсырылды. Осы тапсырма шеңберінде Қаржы вице-министрі Б.Шолпанқұлов МҚШ-ның объектілік мониторинг жүйесін құрудың Жол картасын бекітті.

2020 жылғы Жол картасына сәйкес Қоғам:

– әрбір субъект және әрбір шарт бойынша берілген МҚШ бойынша 2014 жылдан бастап 2020 жыл аралығында МҚШ беретін 13 операторы бойынша деректер жинау;

– 2014 жылдан бастап 2020 жыл аралығында төленген салықтар бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті бойынша деректер жинау;

– 2014 жылдан бастап 2020 жыл аралығында төленген міндетті зейнетақы жарналары бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жүйесінен деректер жинау;

– МҚШ-ның бюджеттік, әлеуметтік-экономикалық және қаржылық-экономикалық тиімділігін бағалау бөлігінде функционалды әзірлеу жұмыстарын орындады.

МҚШ-ның әзірленген функционалының негізіне мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін есептеудің базалық әдістемесі қолданылды:

– бюджеттік тиімділік (салық жеңілдіктерінің болуын ескере отырып, 2020 жылғы кезеңдегі бюджет қаражатының таза ағынын айқындау). Бюджеттік тиімділік келесідей анықталады - мемлекет салық төлемдері түрінде МҚШ-дан салынған қаражаттың қаншасын алады;

– қаржы-экономикалық тиімділік (салықтар, айналымдар, есепті кезеңнің таза пайдасы сияқты көрсеткіштерді алдыңғы кезеңнің осы көрсеткіштерімен салыстыру), республиканың/өңірдің ЖІӨ/ЖӨӨ жалпы өсімінде бағдарлама деңгейіндегі субъектілердің жылдық жиынтық табысының (ЖЖТ) үлесі. Субъект деңгейінде ЖЖТ, салықтар бойынша орташа өлшенген өсім, таза пайда (салық салынатын кіріс) айқындалады;

– әлеуметтік-экономикалық тиімділік (жол картасы бағдарламасы шеңберінде оған қатысушылардың барлығының құрылған жұмыс орындары есебінен жұмыс істейтін адамдар санының өсуін есептеу). Субъект деңгейінде міндетті зейнетақы аударымдарының және кәсіпорында жұмыспен қамтылғандар санының өсімі айқындалады.

2.2.4 «Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі» (ҚИАЖ) «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі (ҚКАЖ)

«Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі» жүйесінің (ҚИАЖ) мақсаты жүйенің орындалуына пәрменді бақылауды, сондай-ақ қазіргі

заманғы, интеграцияланған және тиімділігі жоғары ақпараттық ортаны ұсыну арқылы Қазынашылықтың қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелермен өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруды қамтитын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қаржыны тиімді басқаруын қамтамасыз ету болып табылады.

2020 жылы Қазынашылықтың ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу және әкімшілендіру жөніндегі мемлекеттік сатып алу туралы 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 4 шарт шеңберінде ҚКАЖ үздіксіз және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қоғаммен пайдаланушыларға консультациялық қолдау көрсетуді, түрлендіру жоспары бойынша іс-шараларды орындауды, 24/7 режимінде қолжетімділікті қамтамасыз етуді, қолдану кезінде пайдаланушылардың қателерін және туындайтын проблемаларын түзетуді, пайдалану құжаттамасын өзектендіруді, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қамтитын сүйемелдеу және әкімшілендіру бойынша қызметтер кешені көрсетілді.

Карантиндік және шектеу шаралары жағдайында пайдаланушылар мен пайдаланушы транзакцияларының, бизнес-процестердің жыл сайынғы өсуіне, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына көбейтуге байланысты жүйенің өнімділігіне түсетін үлкен жүктемеге қарамастан, Қоғаммен 2020 жылы: жүйенің толыққанды және тұрақты жұмыс істеуі, шамамен 45 мың пайдаланушыға (14 мыңнан астам ұйым) және бір мезгілде жұмыс істейтін 10 мыңға жуық пайдаланушыға қызмет көрсету, орташа есеппен тәулігіне 60 мыңға жуық төлем шоттарын тұрақты өңдеу қамтамасыз етілді.

2020 жылы түрлендіру және БҚ-ға жедел өзгерістер енгізу жоспары бойынша іс-шараларды іске асыру шеңберінде Қоғам іркілістерді жойды, 170-ке жуық түзетулер енгізді және 31 түрлендіру іске асырылды.

Мынадай басым іс-шаралар орындалды: Жәбірленушілерге өтемақы қоры бойынша шығыс операцияларын енгізу шеңберінде функционалды пысықтау, қолданыстағы интеграциялар шеңберінде жеке тұлғалармен шарттарды тіркеу және электрондық шот-фактуралар бойынша қосымша деректерді қабылдау бойынша функционал кеңейтілді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде бюджеттің IV деңгейіндегі бірқатар процестер автоматтандырылды.

Сонымен қатар, пандемияға байланысты қалыптасқан жағдайды және ҚР ҚМ Қазынашылық комитетімен ұзақ келісу процедураларын ескере отырып, 2021 жылға арналған «Қазынашылық комитетінің ақпараттық жүйесін дамыту және жаңғырту» мемлекеттік инвестициялық жобасы шеңберінде ҚК АЖ функционалдығын дамыту жөніндегі іс-шараларды көшіру жүзеге асырылды.

2.2.5 «Мемлекеттік жоспарлау» ақпараттық жүйесі (МЖАЖ)

МЖАЖ мақсаты қағаз құжат айналымын болдырмайтын мемлекеттік органдардың бюджеттік өтінімдерін қалыптастыру процестерін автоматтандыру бөлігінде бюджеттік жоспарлау рәсімін толық автоматтандыру болып табылады.

МЖАЖ дамыту жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, оның көрсеткіштерін бюджеттік жоспарлауға байланыстыру мақсатында стратегиялық жоспарлаудың функционалы іске асырылды.

Бюджеттің транспаренттілігі үшін «Ашық бюджеттер» порталымен интеграция іске асырылды. Азаматтар бюджет шығыстары не үшін және қанша жоспарланғанын көрнекі түрде қарап, түсініктеме қалдыра алады және бастамаға дауыс бере алады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің 945 қызметкеріне бюджеттік өтінімдерді қалыптастыру үшін МЖАЖ функционалын қолдану бойынша оқыту өткізілді.

2020 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау және 2021 - 2023 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру қағаз жеткізгіште қайталамай орталықтандырылған бюджеттік жоспарлаудың бірыңғай порталында жүзеге асырылды (planning.gov.kz/isbp) жүргізіледі.

Есепті кезең ішінде Жүйені көбейтуден басқа, ҚР ҚМ тұлғасындағы Тапсырыс берушінің талаптары мен сұрау салуларына сәйкес Қоғам тарапынан қосымша іс-шаралар өткізілді:

– 2019 жылғы 18 сәуірдегі жағдай бойынша жаңартуларды ескере отырып, «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына сәйкес «Бірыңғай бюджеттік сыныптама» (бұдан әрі - ББС) модулі өзектендірілді;

– ішкі процестерді оңтайландыру бөлігінде «Нормативтік-анықтамалық ақпарат» модулін түрлендіру жүзеге асырылды, сондай-ақ ББС-ға өзгерістер енгізу туралы бұйрықты генерациялау бойынша функционал әзірленді;

– тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы (ТЖҚ БНА) бөлінісінде шығыстарды қалыптастыру және жекелеген тауарлар үшін орташа бағаның ең жоғары мәнін белгілеу бөлігінде «Бюджеттік өтінім» модулін түрлендіру жүзеге асырылды, түрлендірілген функционалға қабылдау сынақтары жүргізілді;

– «Бюджеттік өтінім» модулінің баспа нысандарына ЭЦҚ қою бойынша функционал іске асырылды.

«Мемлекеттік жоспарлау» ақпараттық жүйесі (МЖАЖ) дамыту шартының шеңберінде «Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік», «Қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру және нақтылау (ҚЖКН)», «Ашық бюджеттер» модульдерін, «Стратегиялық жоспарлау» кіші жүйесін, «Нормативтік-анықтамалық ақпарат», « Республикалық бюджет комиссиясы (РБК)» және «Бюджеттік өтінім» модульдерін дамыту бойынша әзірлеу жұмыстары орындалды, сондай-ақ ҚР ҚМ басқа да ақпараттық жүйелерімен бір қатар интеграциялар іске асырылды.

2.2.6 Салықтық және кедендік әкімшілендіру саласындағы ақпараттық жүйелер (МКК АЖ)

2020 жылы МКК АЖ сүйемелдеу бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы 2020 жылғы 31 наурызда №27 шарт жасалды.

Жобаның негізгі мақсаты ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ МКК) қолданыстағы ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу, олардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету болып табылады:

– «Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шоттар» (ОБДШ);
– «Біріктірілген салықтық ақпараттық жүйе» (БСАЖ);
– «Салық есептілігін өңдеу сервистері» (СЕӨС);
– «Салық төлеушінің кабинеті» web-қосымшасы (СТК);
– «Ақпараттық жүйелерді біріктірудің өнеркәсіптік платформасы» (МКК ИШ);
– «**Error! Unknown document property name.**«(Web-портал);
– «Бірыңғай деректер қоймасы» (БДҚ);
– «ҚР салық төлеушілер мен салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімі» (СТжССОТ): 2020 жылғы 30 маусымға дейін сүйемелдеу;
– электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу бойынша «ЭШФ» АЖ ақпараттық жүйесі (ЭШФ);
– «Акцизделетін өнімдер мен мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын бақылау»(Акциз);
– «Голографиялық қорғау элементі бар есепке алу-бақылау маркаларын пайдалана отырып, алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын бақылау» (ЕБМ): 2020 жылғы 1 мамырға дейін сүйемелдеу;
– «Жедел басқару орталығы» (ЖБО).

Қоғам ҚР ҚМ МКК ақпараттық жүйелерін жетілдіру және оңтайландыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. 2020 жылы барлығы 91 түрлендіру мәлімделіп, толық көлемде орындалды.

Жалпыға бірдей декларациялау процесі бойынша дайындық жұмыстары басталды. Осылайша, Салық төлеушінің кабинетінде және «e-Salyq Azamat» мобильдік қосымшасында «Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларация» (нысан 250.00) іске асырылды.

«e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасында жеке тұлғаларға арналған «Электрондық салық әмияны» модулі іске асырылған. Сервис азаматтарға дайын деректемелер бойынша төлем жүргізу мүмкіндігімен бір мезгілде оны төлеу мерзімі басталғанға дейін алдағы салық сомасын білуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Салық әмиянында мүлікке, жерге және көлік құралына қолда бар салық салу объектілері бойынша онлайн толықтыруды, автотасымалдауды және қарауды жүргізуге болады. Салық салу объектілері бойынша деректерді түзетуге уәкілетті мемлекеттік органдарға электрондық өтінімдерді жіберу мүмкіндігі іске асырылды.

ОБДШ АЖ-да заңды тұлғалар үшін «Электрондық салық әмияны» бизнес-процесі іске асырылды.

БСАЖ АЖ-да «Үш құрамдасты интеграцияланған жүйе (ҮИЖ)» анықтамалығын құру, модельдер бойынша үш құрамдасты интеграцияланған жүйені (ҮИЖ) есепке қою, өзгерту, есептен шығару режимін түрлендіру, СТК-дан ҮИЖ салықтық өтінішін қабылдау бойынша өзара іс-қимылды түрлендіру бойынша жұмыстар жүргізілді - Салық кодексінің 1-бабы 72-1-тармақшасының, 13.04.2019 ж. Кодекске енгізілген өзгерістер негізінде БСАЖ-ды түрлендіру жүргізілді. Салық төлеушілерге (СТ) СТ кабинеті арқылы ҮИЖ пайдаланушы ретінде есепке қою режимін жеңілдетуге мүмкіндік берілген, бұл ретте мемлекеттік кірістер органдарына (МКО) қолма-қол өтініш берудің баламалы нұсқасы іске асырылды. Сондай-ақ, түрлендіру МКО мамандарына Салық кодексінің нормаларын ұстану үшін салық есебін жүргізуге мүмкіндік берді.

МКК барлық АЖ-да Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдайдың әрекет ету кезеңінде төлеу мерзімдерінің өзгеруі, өсімпұлдарды есептеу, хабардар етуді жіберу, шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдер мен басқа да өзгерістер бойынша түрлендірулер жүргізілді.

«Кедендік және салықтық әкімшілендірудің автоматтандырылған жүйесінің интеграцияланған кедендік құрамдасы» («АСТАНА-1») ақпараттық жүйесін сүйемелдеу үшін 2020 жылғы 29 маусымдағы № 240 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды. ЮНКТАД қосалқы мердігерлік ұйымымен 2020 жылғы 28 тамыздағы №3 шартқа қол қойылды.

«АСТАНА-1» ақпараттық жүйесінің негізгі мақсаттары:

− кедендік процедураларды оңтайландыру және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың әкімшілік, қаржылық және уақыттық шығындарын қысқарту (бұдан әрі - СЭҚ ТН). «АСТАНА-1» жүйесі барлық кедендік процедуралар мен операцияларды қамтиды және ҚР ҚМ МКК салық деректер базасымен интеграцияланады;

− басқа мемлекеттік органдармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру.

«АСТАНА-1» АЖ әуе көлігімен әкелінетін тауарлар туралы кеден органдарын алдын ала хабардар ету бөлігінде ҚР ИИДМ «e-Freight» әуе жүк тасымалы саласындағы қағазсыз құжат айналымы ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылын іске асыруы; Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік Кеден комитетінің тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала мәліметтер алмасу жөніндегі ақпараттық жүйесімен интеграциялау бөлігінде түрлендіруді іске асыруы; «АСТАНА-1» АЖ сыртқы АЖ-мен интеграциясын оңтайландыру үшін Open-API форматында «Е-терезе» АЖ-да «АСТАНА-1» АЖ бағдарламалық интерфейсіне қолдау көрсетуді іске асыру 2020 жылы «АСТАНА-1» АЖ бағдарламалық қамтылымын барынша түрлендіру болып табылады.

2020 жылы ақпараттық жүйелер бойынша барлығы 8 түрлендіру мәлімделіп, толық көлемде орындалды.

«Импорттық-экспорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе («Е-терезе»)» АЖ сүйемелдеу және әкімшілендіру үшін 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 350 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды.

«Е-терезе» АЖ ақпараттық жүйесінің негізгі мақсаты сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру, экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде рұқсат беру құжаттарын (бұдан әрі - РҚ) берумен байланысты процестерді оңтайландыру және автоматтандыру, сондай-ақ кеден ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсетуді автоматтандыру үшін «Е-терезе» АЖ порталы арқылы кірудің бірыңғай нүктесін қамтамасыз ету болып табылады:

– СЭҚ ТН үшін клиентке бағдарлануды жүзеге асыру;
– СЭҚ ТН үшін өзара іс-қимыл арналарын ұлғайту;
– СЭҚ ТН қызметіндегі уақытты қысқарту;
– СЭҚ ТН қызметін тексеру кезінде тәуекелдерді азайту;
– қадағалануын іске асыру;
– тізілімдерді электрондық түрде жүргізуді іске асыру, өнімділікті арттыру, «Е-терезе» АЖ-да жұмысты жеделдету;
– тауарлардың экспорты-импорты саласында стандартталған түрде қызметтер алу үшін бірыңғай өткізу арнасын құру;
– экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру үшін СЭҚ қатысушыларына РҚ-ға өтінім беру, келісу, қол қою және беру процесін автоматтандыру;
– нормативтік-анықтамалық ақпараттың (компаниялар тізімі, тауар номенклатурасы және т.б.) дерекқорларын және экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру үшін берілген РҚ сақтау және басқару процестерін автоматтандыру.

«Е-терезе» АЖ-ның артықшылығы - ол алаяқтықпен, сыбайлас жемқорлықпен және заңсыз саудамен күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыруға ықпал ететін ақпаратты алуға мүмкіндік береді, өйткені ол әртүрлі елдердегі кеден органдарына диалогтық режимде бірлескен қызметті жүргізу үшін мүмкіндіктер береді.

2020 жылы ақпараттық жүйелер бойынша барлығы 3 түрлендіру мәлімделіп, толық көлемде орындалды, олардың бірі VIN-код бойынша көлік құралдарын кедендік тазарту фактісін тексеру бойынша сервисті іске асыру болып табылады. Аталған сервис көлік құралын сатып алушыларға онлайн режимінде көлік құралының тарихын кедендік тазартудан өту тұрғысынан автоматты түрде тексеруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану бойынша алдын ала шешімдер қабылдау тетігі бөлігінде «Кедендік қызметтер» модулінің функционалдығын түрлендіру де маңызды болып табылады. Осы қызметті іске асыру кедендік құнды анықтау үшін өтініш беру процесін жеделдетуге мүмкіндік береді, процестің ашықтығын арттырады және рұқсат беру құжаттарын келісу және беру процесін жеделдетеді.

2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 203, 2020 жылғы 21 қазандағы № 406 «Бағдарламалық-қолданбалы қамтылымның екінші кезектегі кедендік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» (КААЖ-2) АЖ, «Деректердің

интеграцияланған қоймасы» (ДИҚ) АЖ ақпараттық қолдау көрсетуге техникалық қолдау көрсету және 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 204 «Интеграцияланған кедендік тариф» деректер базасы» (ИКТ ДБ) АЖ ақпараттық жүйесіне техникалық қолдау көрсету шарттары жасалды.

2020 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру туралы» 9 сәуірдегі 2020 жылғы №187 қаулысына сәйкес ҚР ҚМ мен Қоғам арасында 2020 жылғы 7 шілдеде салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйесінің (СӘАЖ) функционалын іске асыру бойынша қызметті көрсету үшін «Салықтық әкімшілендірудің ақпараттық жүйесін іске асыру» мемлекеттік тапсырмасын орындауға арналған № УИТ-31 шарт жасалды.

СӘБЖ-ді іске асырудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын ескере отырып, ақпараттандыру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қанағаттандыратын АЖ режимдерін, сервистерін және функционалдық мүмкіндіктерін құру болып табылады.

Шарт талаптарына сәйкес, 2020 жылы Қоғам:

– СӘБЖ негізгі функционалын әзірлеу («Портал», «Салық төлеуші кабинеті», «Әкімшілендіру және мониторинг», «Интеграциялық шина», «Мемлекеттік кірістер органдарының автоматтандырылған жұмыс орны» кіші жүйелері функционалының 371 міндеті іске асырылды, оның ішінде МКО АЖО модульдері: «СТ және БКМ тіркеу», «Есептілік», «Дербес шоттар», «Өндіріп алу», «Аудит және мониторинг», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингі», «Акцизделетін өнімдерді әкімшілендіру», «Оңалту және банкроттық»);

– Тапсырыс берушімен келісу, сондай-ақ баж әзірленген функционалына техникалық құжаттаманың сапасына бақылау жүргізу;

– хаттамаларға қол қоя отырып, СӘБЖ-дің әзірленген функционалына алдын ала сынақтар жүргізу сияқты жұмыстарды жүргізді.

Бұдан бұрын, 2019 жылы СӘБЖ жобасы шеңберінде Қоғам жоба алдындағы тексеру жүргізді, бағдарламалық қамтамасыз етудің прототиптерін жасап, көрсетті, техникалық тапсырмалар ұсынды.

«Тәуекелдерді басқару жүйесі» ақпараттық жүйесі (ТБЖ АЖ) ҚР ҚМ МКК тәуекелдерді басқару жүйесін автоматтандыру шеңберінде деректердің үлкен көлемін өңдеуді және талдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құралдар жиынтығы болып табылады. Аталған жүйе ТБЖ АЖ-ға түсетін деректердегі ауытқуларды анықтау, тәуекел салаларын анықтау және олардың ықтималдығын анықтау үшін математикалық модельдеу әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. ТБЖ АЖ машиналық оқыту мүмкіндіктеріне ие.

Big Data бағыты бойынша ҚР ҚМ МКК ТБЖ АЖ жобасы іске асырылды. Осы жоба аясында IBM ірі деректерді интеграциялау және талдау құралдары сатып алынды. Аталған АЖ 2018 жылғы 14 желтоқсаннан бастап өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. IBM өнімдерін қолдану ҚР ҚМ МКК деректерін, сондай-

ақ салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді әкімшілендірудегі басқа дереккөздердің деректерін талдауға және пайдалануға мүмкіндік берді.

Осы жоба аясында ҚР ҚМ МКК:

– мақсаты бейінді бөлімшелердің талаптары бойынша тәуекелдер модельдерін әзірлеу болып табылатын бизнес-процестерді автоматтандыру бөлімшесі (14 адам);

– Қоғамда «ТБЖ жобасы» бөлімшесі (9 адам) құрылды.

Осы шешімді қабылдау деректерді талдау құралдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Оның ішінде: модельдерді іске асыру мерзімдерін қысқарту, қаржылық шығындарды азайту, модельдерді іске қосу нәтижелері бойынша тиімділікті арттыру.

Қазіргі уақытта жобаны іске асыру аясында модельдерді әзірлеу бірнеше бағытта жүзеге асырылады:

– камералдық бақылау рәсімдерін автоматтандыру және бұзушылықтарды анықтау;

– тексерулер жүргізу кезінде тәуекелдердің ықтималдығын болжау;

– салық төлеушілерді және сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды санаттау;

– тауарлардың бақылануы және сатудың әр кезеңінде айналымдар мен бағалардың төмендеу тәуекелдерін анықтау.

ТБЖ АЖ модельдерін іске қосу нәтижесінде 1,6 млн. заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің, сыртқы экономикалық қызметке 20 мыңнан астам қатысушының деректері өңделді. ТБЖ АЖ 11,3 млрд. астам жол өңделген.

Аталған бағыттар шеңберінде тәуекелдің 60 моделі іске асырылды.

2018 жылы – 6 модель, 2019 жылы – 20 модель, 2020 жылы - 34 модель (оның ішінде Қоғам арқылы 21 модель).

ТБЖ АЖ енгізілген сәттен бастап анықталған бұзушылықтардан бюджетке қосымша түсімдер 306,7 млрд. теңгені құрады.

Оның ішінде жылдар бойынша: 2018 жылы – 47,7 млрд.теңге, 2019 жылы - 85 млрд. теңге, 2020 жылы - 174 млрд. теңге.

Оның ішінде 34 модель жанама әсерге ие, нәтиже келесідей:

– автоматты режимде 36,3 мыңнан астам СЭҚ қатысушылары санатталды (бұрын қол режимінде болған);

– ішінара салықтық тексерулер үшін салық төлеушілерді айқындау кезінде деректерді зияткерлік талдау енгізілді;

– камералдық және көшпелі кедендік тексерулер жүргізу үшін СЭҚ қатысушыларын іріктеу бойынша Әдістемелік ұсынымдардың 9-т. негізінде автоматтандырылған бағдарламалық өнімді пайдалана отырып тәуекел индикаторларының есебі жүргізілді;

– сенімсіз салық төлеушілермен өзара есеп айырысатын мемлекеттік сатып алудың 163 қатысушысы анықталды;

– Екінші деңгейдегі банктермен заңды тұлғалардың белгіленген шекті мөлшерден артық қолма-қол ақша алуын бақылау бойынша өзара іс-қимыл

жүргізіледі. Нәтижелері бойынша 156 млрд.теңгеге қолма-қол ақша беруге 695 өтінім, 5,3 млрд. теңгеге шамамен 69 өтінім қабылданбады;

– «ЭШФ БҰҒАТТАУ» пилоттық жобасы үшін тәуекелі жоғары салық төлеушілерді анықтау жүргізілуде. Бүгінгі таңда 11,8 мың теңге «қолма-қол ақшаға айналдыру» операциялары анықталды, СТ 4,0 мың теңге бойынша ЭШФ жазып беру шектелген.

SPSS бағдарламалық платформасының жұмыс құралдарына қажеттілікті толтыру шеңберінде ҚР ҚМ МКК қолданыстағы 5 лицензиясына тағы 10 лицензия сатып алынды.

2.2.7 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің бірыңғай ақпараттық талдау жүйесі (ҚР ҚМ ҚМК БАТЖ)

2020 жылы Қоғаммен ҚР ҚМ ҚМК БАТЖ «Жалған кәсіпорын» кіші жүйелік модулін сүйемелдеу және түрлендіру бойынша 2020 жылғы 8 маусымдағы №ЦА-93/2020, «Бірыңғай ақпараттық талдау жүйесін» сүйемелдеу және техникалық қолдау көрсету бойынша 2020 жылғы 2 маусымдағы №ЦА-11/2020 шарттар орындалды.

ҚР ҚМ ҚМК БАТЖ техникалық сүйемелдеу бойынша қызметтерді көрсету мақсаты:

– физикалық және логикалық серверлерді, сондай-ақ мамандандырылған жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтылымды (бұдан әрі – БҚ) қамтитын бағдарламалық – аппараттық кешендердің (бұдан әрі - БАК) тәулік бойы, оның ішінде демалыс және мереке күндері үздіксіз жұмыс істеуін;

– жүйенің ақаулыққа төзімділігіне қолдау көрсетуді;

– деректерді және ҚР ҚМ ҚМК БАТЖ құрамдастарының конфигурациясын автоматты резервтік көшіруді;

– авариялық жағдайларда резервтік көшірмелерден жүйенің жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруді орындауды (қажет болған кезде);

– өңделетін ақпараттың құпиялылығы мен тұтастығын;

– ҚР ҚМ ҚМК БАТЖ қолданбалы және серверлік БҚ инсталляциялары мен әкімшілендіруді;

– Тапсырыс берушінің өзекті талаптарына сәйкес қолданбалы БҚ-дағы түрлендіруді (түрлендіру қажет болған жағдайда, жаңғыртуды жүргізбестен және қосымша функционалдық талаптарды іске асырусыз және жүйенің тұтастығын сақтау шартымен жүзеге асырылады) қамтамасыз ету болып табылады.

ҚР ҚМ ҚМК БАТЖ-дың негізгі мақсаты заңсыз кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру белгілерін анықтау мүддесінде қаржылық операциялар туралы мәліметтерді өңдеу және талдау процестерінің тиімділігін арттыру және олардың құзыретіне сәйкес құқық қорғау органдарына жіберу үшін материалдар дайындау.

«Жалған кәсіпорын» кіші жүйелік модулінің мақсаты - жалған кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру және тауарларды іс жүзінде жеткізусіз жалған шот-фактураларды жазып беру фактілері бойынша кәсіпорындардың деректер базасын құру.

«Жалған кәсіпорын» кіші жүйелік модулінің бағдарламалық қамтылымын сүйемелдеу және түрлендіру жөніндегі қызметтердің мақсаты:

– жүйенің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және мониторингтеу, оның ішінде соңғы пайдаланушылардың жүйені пайдалана алмауына әкеп соғатын ақаулықтарды жою;
– жүйе бойынша пайдаланушыларды қолдау;
– Жүйе серверлерінің жұмыс істеуіне техникалық қолдау көрсету;
– дерекқорға қызмет көрсету бойынша профилактикалық жұмыстар;
– Жүйені орнату мен әкімшілендіру;
– аралас жүйелер әкімшілерімен өзара әрекеттесу;
– ақпараттық қауіпсіздік шарттарын сақтай отырып, ақпараттың сапасын, толықтығын және дұрыстығын жақсарту;
– БҚ дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
– БҚ түрлендіру;
– орнату кезінде БҚ түрлендіру;
– техникалық құжаттаманы өзектендіру болып табылады.

2.2.8 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің API сервистері

ҚР ҚМ open API форматындағы сервистерін іске асыру бойынша жұмыстар «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, ашық мемлекет құру және халық пен бизнесті сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету бөлігінде, сондай-ақ шағын орта бизнесті қаржылық емес қолдау жөніндегі бағыт шеңберінде жүргізілуде.

2020 жылы «е-Қаржымині» ИААЖ-дан есептердің кейбір түрлерін беру бойынша API іске асырылды:

– бюджеттің атқарылуы туралы есептер;
– шоғырландырылған қаржылық есептілік;
– ҚР Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есеп;
– нысаналы трансферттер туралы есеп;
– «Дебиторлық және кредиторлық берешек» бойынша есеп;
– ақылы қызметтер бойынша есеп;
– демеушілік және қайырымдылық көмек бойынша есеп;
– бюджеттік бағдарламаларды игеру;
– бюджеттік инвестицияларды игеру;
– есептілікті құру үшін пайдаланылатын анықтамалықтар мен жіктеуіштер.

API «Ашық бюджеттер» порталында жарияланатын деректердің сапасы, өзектілігі және толықтығы мәселелерін шешу және басқа алаңдарда автоматтандырылған режимде қолдану үшін жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні API-ге 9 ұйым: «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі» мемлекеттік мекемесі, «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығы, «INTEGRITY ASTANA» жеке мекемесі, «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ, «InCraft» ЖШС, «Имфис-БИ» ЖШС, «Best Profi» ЖШС қол жеткізді.

Осы API-дің көмегімен «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-та бюджеттік есептілік бойынша ақпаратты орналастыруды автоматтандыруды іске асыру (бүгінгі күні ББӘ деректерді қолмен орналастырады), ақпаратты барынша ыңғайлы көзбен шолып ұсыну жүргізілуде, бұл «Ашық бюджеттер» порталын түрлендіруге және оны азаматтар үшін неғұрлым ыңғайлы етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығы ашық бюджеттер бойынша өз порталын іске асырды. Бұл жоба «қанша жиналады, не үшін және кімге жұмсалады» деген сұрақтарға жауап бере отырып, мемлекеттік қаржы жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға арналған. Мұнда шоғырландырылған, мемлекеттік, республикалық, жергілікті бюджеттердің, Ұлттық қордың, Қазақстан Республикасының мемлекеттік борышының барлық қолжетімді статистикасы жарияланады. Порталда статистиканың негізгі көрсеткіштері, жылдар бойынша түсімдер мен шығыстар, тапшылық бар. Жергілікті бюджет бойынша бөлім, сондай-ақ талдаушылар, депутаттар мен журналистер үшін бюджет түрлері бойынша егжей-тегжейлі интерактивті тақтасы бар.

Сонымен қатар, МЖАЖ-дан бюджеттік бағдарламалар жобаларын орналастыру бойынша Қоғаммен «Ашық бюджеттер» модулін іске асыруды жоспарланды, ол мемлекеттік органдар мен мекемелер бюджеттерінің жобалары бойынша деректерді беру бөлігінде «Ашық бюджеттер» порталымен интеграциялау бойынша міндеттерді қамтиды.

Деректерді беру API-сервистері арқылы да жүзеге асырылады.

Осыған ұқсас, «Ашық бюджеттер» порталында жария талқылаулар өткізу үшін жоспарлау сатысында бюджеттік бағдарламалар жобаларын орналастыру процесін автоматтандыру күтілуде.

Сонымен қатар, 2020 жылы Smart Bridge платформасында салық есептілігі нысандарын қабылдау және нысандардың мәртебесін тексеру қызметтері орналастырылды. Аталған сервистер бизнеске СЕН-ді тікелей СЕӨС АЖ-ға жолдау бойынша сервистерді өз тарапынан іске асыруға мүмкіндік береді.

Мұндай шешім, өз кезегінде, салық төлеушінің кабинетін «жеңілдетуге» және азаматтарға есеп беру бойынша ұқсас, ыңғайлы қызметтерді ұсынуға мүмкіндік береді.

Осы сервистер бойынша бүгінгі таңда мына компаниялар өнімді ортаға қол жеткізді:

– «The Boss media group» ЖШС;
– «1С-Рейтинг» ЖШС;
– «Вайпоинг» ЖШС;
– «MyBuh.kz» ЖШС;
– «Digital Trade System» ЖШС.

Сонымен қатар, «Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шоттар» ақпараттық жүйесінде артық (қате) төленген салық сомаларын есепке жатқызуды/қайтаруды жүргізуге өтініштерді қабылдау бойынша API сервисі іске асырылды. Осы API сервисті «Ашық деректер» порталында орналастыру жоспарлануда.

2.2.9 Байланыс-орталығы

Байланыс орталығының негізгі міндеті - ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу шеңберінде пайдаланушыларға консультациялық көмек көрсету, ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу шеңберінде келіп түскен ақпаратты қабылдау және өңдеу, Байланыс орталығына келіп түскен өтініштер бойынша мониторинг және статистика жүргізу болып табылады. Байланыс-орталығы ЭМС АИАЖ, «е-Қаржымині» ИААЖ («Бухгалтерлік есеп», «Қаржылық және бюджеттік есептілікті жинау және шоғырландыру», «Кадрлық есеп» кіші жүйелері), МКК АЖ («Акциз», «ТБЖ»), МЖАЖ пайдаланушыларына қолдау көрсетуді жүзеге асырады.

Байланыс-орталығы көрсететін қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында функцияларына: Байланыс-орталығы диспетчерлерінің телефон арқылы берілген консультацияларын үнемі тыңдау; Байланыс-орталығы диспетчерлерінің жұмыс сапасын бағалауды жүзеге асыру; АЖ пайдаланушыларына берілген ақпаратты электрондық пошта арқылы тексеру; диспетчерлерді оқыту/ қайта оқыту кіретін әдіскердің 2 штат бірлігі бөлінді.

Диспетчерлерді үздіксіз оқыту және аттестаттау жүйесі құрылған: жаңа қызметкерлерді оқыту, тәлімгерлік, тыңдау нәтижелері бойынша, шағымдар бойынша, жүйедегі өзгерістер бойынша оқыту. ЭМС АИАЖ жобасындағы Қоғам диспетчерлерінің біліміне тексеру жүргізілді. Тексеру нәтижесі бойынша Байланыс орталығының диспетчерлерін даярлау деңгейі анықталды - 89% жоғары және ортадан жоғары нәтиже көрсетті. Қайта оқытуды қажет ететін модульдер анықталды. Аталған оқыту бір ай көлемінде өткізілді. Байланыс-орталығы диспетчерлерінің жұмысы қашықтықтан ұйымдастырылды, көрсеткіштердің мониторингі және диспетчерлердің жұмыс сапасын бақылау күшейтілді.

Байланыс-орталығының қолжетімділігін арттыру үшін 2020 жылы резервтік телекоммуникациялық жабдық сатып алынды және орнатылды.

2020 жылы ақпараттық жүйелер бойынша қолданушылардың 800 000-ға жуық өтініштері қабылданды және өңделді:

– ЭМС АИАЖ - 686 871 өтініш;
– МЖАЖ - 25 694 өтініш;
– «е-Қаржымині» ИААЖ - 75 190 өтініш;

– «Акциз» - 1390 өтініш.

Байланыс-орталығының шарттарда белгіленген көрсеткіштері сақталған:

– орташа күту уақыты - 25 секунд «е-Қаржымині» ИААЖ, 11 секунд МЖАЖ (жоспар бойынша 60 секунд);

– жоғалған шақырулардың пайызы - 3,5% («е-Қаржымині» ИААЖ - жоспар бойынша 5%), 5,39% (МЖАЖ жоспар бойынша 10%);

– «пайдаланушылардың қанағаттануының орташа балы» көрсеткіші 10 балдық шкала бойынша (0-ден 9-ға дейін) 8,6 балл деңгейінде қамтамасыз етілді. Қанағаттану деңгейі күн сайын белгіленеді.

3. Тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі

Қоғамның тәуекелдерді басқарудың (ТБЖ) қолданыстағы корпоративтік жүйесінің негізгі мақсаты Қоғамның өсуі, оның кірістілігі мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізу, сондай-ақ стратегиялық жоспарларды іске асыру және белгіленген міндеттерге қол жеткізу шеңберінде орнықты дамуды қамтамасыз ету болып табылады.

ТБЖ енгізу және жетілдіру Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті шарт болып табылады және перспективада аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осыған байланысты, Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 5 қарашадағы шешімімен (№11 хаттама) Қоғамның ұйымдық құрылымы бекітілді, онда Басқарма Төрағасына есеп беретін Тәуекел-менеджер лауазымы айқындалды. Тәуекел-менеджері Қоғамдағы тәуекелдерді басқару процесін үйлестіреді.

Қоғамдағы тәуекелдерді анықтау және бағалау жұмыстары Қоғамның келесі ішкі құжаттарына сәйкес жүргізілді:

– Жалғыз акционердің шешімімен – Қазақстан Республикасы Қаржы бірінші вице-министрінің 2019 жылғы 13 қарашадағы бұйрығымен (№1257 бұйрық) бекітілген Корпоративтік басқару кодексі;

– Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 19 қарашадағы шешімімен бекітілген тәуекелдерді басқару саясаты (№12 хаттама);

– Басқарманың 2018 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен бекітілген Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидалары (№17 хаттама).

Қоғамның Тәуекелдерді басқару жүйесінің саясаты тәуекелдерді анықтауға және оларды кешенді түрде қарастыруға бағытталған, бұл бар тәуекелдер бойынша тұтас көрініс көрсетуге ықпал етеді және тәуекелдерді талдаудың сапасын арттырады.

2020 жылы Қоғамның тәуекелдер тіркелімі тәуекелдерден тұрды, қызыл аймақта – 7, қызғылт сары аймақта - 7, сары аймақта - 5. Барлық сыни тәуекелдер 14, бұл ретте Қоғам бойынша сәйкестендірілген барлық тәуекелдер - 19.

Бұл ретте, 2020 жылы тәуекелдерді басқару шеңберінде мынадай жұмыс жүргізілді:

– Қоғамда тәуекелдерді басқару бойынша 2019 жылдың 4-тоқсанына, 2020 жылдың 1-3 тоқсанына тоқсан сайынғы есептер бекітілді;

– «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Тәуекелдер тіркелімі, 2020 жылға арналған Тәуекелдер картасы және 2020 жылға арналған сандық тәуекел-тәбет деңгейі бекітілді;

– Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді, талдамалық анықтама дайындалды;

– «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының негізгі тәуекелдерін басқару бойынша 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді;

– Басқарма Төрағасының 2020 жылғы 27 мамырдағы № 2138 бұйрығымен Қоғамның тәуекел-үйлестірушілері тағайындалды.

Екінші деңгейдегі банктердің депозиттерінде/шоттарында уақытша бос ақша қаражатын орналастыру бойынша тәуекелді оқиғаларды анықтау мақсатында екінші деңгейдегі банктердің қызметіне тоқсан сайын талдау жүргізіледі.

Сатып алу мәмілелерінің, өзге де шарттардың, оның ішінде қоғам үшін әлеуетті тәуекелдерді анықтау тұрғысынан өтеулі қызмет көрсетуге арналған шарттардың жобалары қаралады.

Қоғам әзірлейтін және шығаратын тәуекелдерді басқару бөлігіндегі ішкі нормативтік құжаттардың жобалары қаралады.

Ақпарат алмасу бөлігінде тәуекелдерді басқару, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау мәселелері бойынша Қоғам қызметкерлеріне әдіснамалық және консультациялық қолдау қамтамасыз етіледі.

Тәуекелдерді басқару бойынша 2020 жылға арналған бекітілген жоспарларға сәйкес іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізіледі.

Қоғамның тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы корпоративтік жүйесінің негізгі мақсаты Қоғамның өсуі, оның кірістілігі мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізу, сондай-ақ стратегиялық жоспарларды іске асыру және белгіленген міндеттерге қол жеткізу шеңберінде орнықты дамуды қамтамасыз ету болып табылады.

4. Корпоративтік басқару

Қоғамның корпоративтік басқару жүйесін дамыту саласындағы қызметі қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға, транспаренттілік пен есеп беруді қамтамасыз етуге, оның беделін нығайтуға және капитал тартуға жұмсалатын шығындарды азайтуға бағытталған. Корпоративтік басқару жүйесі Қоғамның органдары, лауазымды адамдары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін ажыратуды көздейді.

Корпоративтік басқару әділдікке, адалдыққа, жауапкершілікке, ашықтыққа, кәсібилікке және құзіреттілікке құрылады. Корпоративтік басқару құрылымы Қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделеді және Қоғамның табысты қызметіне, оның

ішінде оның құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға ықпал етеді.

Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы шеңберінде Қоғам органдары арасында міндеттерді бөлу айқындалады, корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігі қамтамасыз етіледі.

Корпоративтік басқару жүйесі:

1) Жалғыз акционермен (жоғары орган);

2) Директорлар кеңесімен (басқару органы);

3) Басқармамен (атқарушы орган);

4) мүдделі тараптармен;

5) Жарғыға сәйкес айқындалатын өзге де органдармен өзара қарым-қатынасты қарастырады.

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі» республикалық мемлекеттік мекемесі - Қоғамның жалғыз акционері болып табылады.

Біліктілігін, іріктеу процесін қоса алғанда, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің құрамына қатысты, оның ішінде олардың тәуелсіздігін айқындау өлшемшарттарын көрсете отырып тәуелсіз директорлар туралы; Директорлар кеңесі мен оның комитеттері қараған мәселелер; корпоративтік басқару практикасының Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің принциптеріне сәйкестігі; сондай-ақ Қоғамның қызметіне елеулі әсер ететін 2020 жылғы корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат келесі есептерді егжей-тегжейлі баяндалған (көшірмелері қоса беріледі):

1. Қоғам Директорлары кеңесінің 2021 жылғы 26 ақпандағы шешімімен (№2 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы Директорлары кеңесінің 2020 жылдың қорытындысы бойынша есебі, мыналарды қамтиды:

– «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2020 жылдың қорытындысы бойынша есебі;

– «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің 2020 жылдың қорытындысы бойынша есебі;

– «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің 2020 жылдың қорытындысы бойынша есебі.

2. Қоғам Директорлары кеңесінің 2021 жылғы 26 ақпандағы шешімімен (№2 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің 2020 жылға арналған нормаларының сақталуы туралы есебі.

Мүдделі тараптарды анықтау мен өзара іс-қимылдың халықаралық стандарттарына (AA 1000 стандарты, есеп беру қағидаттарының стандарты (Accountability Principles Standard 2008 «Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл стандарты» 2011 (AA 2011 Stakeholder Engagement Standard 2011), ISO 26000 Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық (Guidance on Social

Responsibility), GRI (Global Reporting Initiative) сәйкес мүдделі тараптардың негізгі өкілдері: инвесторлар, соның ішінде акционерлер, екінші деңгейдегі банктер; жұмыскерлер, лауазымды тұлғалар; кәсіптік одақтар; клиенттер; өнім берушілер; жергілікті қоғамдастықтар, қызметті жүзеге асыратын орындардағы халық, қоғамдық ұйымдар; Үкімет, мемлекеттік органдар, Парламент.

Қоғам өз қызметін жүзеге асыру барысында, мүдделі тараптарға ықпал етеді немесе олардың ықпалын сезеді. Сонымен қатар, Қоғам мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға тиісінше мән береді.

2020 жылы атқарушы органмен - Басқармамен 33 отырыс өткізді, олар бойынша 62 мәселе бойынша шешім қабылданды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам Басқармасының саны 5 адамды құрады.

Қоғам Басқармасының құрамы төмендегі кестеде келтірілген:

Басқарма Төрағасы	Қазғанбаев Эльдар Шәмілұлы
Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары	Рахметов Нұрлыбек Жексенұлы
Басқарма Төрағасының орынбасары	Қалиақпаров Мақсат Қайыржанұлы
Техникалық директор	Құдайбергенов Ержан Бауыржанұлы
Басқарушы директор	Ноғайбаев Арслан Сатылғанұлы

Қоғам Басқармасы қызметінің (басқарма мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі), Басқарма отырыстарын шақыру мен өткізу, оның шешімдерін қабылдау мен ресімдеу, сондай-ақ олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 5 қарашадағы шешімімен (№10 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Басқармасы туралы ережеде айқындалған.

5. Тұрақты даму

Қоғам ұзақ мерзімді құнды өсіруге ұмтыла отырып, экономикаға, экологияға және қоғамға өз ықпалының маңыздылығын түсінеді, мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Қоғам ұзақ мерзімді құнды өсіруге ұмтылады, тұрақты дамуды қамтамасыз етеді, мүдделі тараптардың қызығушылығының теңгерімін сақтайды. Тұрақты даму саласындағы қызмет үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Қоғам мүдделі тараптармен диалог пен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жолға қою жөнінде шаралар қабылдайды.

Қоғам орнықты дамудың барлық аспектілерін іске асыру шеңберінде мынадай мәселелер пысықталуды:

экономикалық аспектілер бөлігінде:

– ұзақ мерзімді құнның өсуі;
– Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету;

– процестердің тиімділігін арттыру;

– неғұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға инвестициялардың өсуі;

– еңбек өнімділігін арттыру.

экологиялық аспектілер бөлігінде:

– биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді азайту;

– шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану;

– экологиялық, энергия және материал үнемдеу технологияларын қолдану;

– қалдықтарды азайту, өңдеу және жою.

әлеуметтік аспектілер бөлігінде:

– еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау;

– қызметкерлердің құқықтарына әділ сыйақы беру және оларды құрметтеу;

– персоналды жеке дамыту;

– персоналға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;

– жаңа жұмыс орындарын құру;

– демеушілік және қайырымдылық;

6. Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік

Корпоративтік этика

Қоғамның Іскерлік этика кодексі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және іскерлік мінез-құлық пен корпоративтік басқарудың танылған әлемдік стандарттарын ескере отырып әзірленді. Кодекс Қоғамның корпоративтік құндылықтарын бекітеді және айқындайды, мінез-құлық қағидаттарын, іскерлік әдеп қағидалары мен нормаларын регламенттейді.

Қоғам қызметкерлері мінез-құлқының негізгі қағидаттары әдептілік, объективтілік, кәсіби құзыреттілік, сыйластық, ынтымақтастық, нәтижелілік, құпиялылық және корпоративтік мінез-құлық қағидаттарына адалдық болып табылады.

Қоғам жұмысы Қоғам мен жұмыскерлер, басшылық пен бағыныштылар, қызметкерлер арасындағы бір-бірінің алдындағы өзара міндеттемелеріне негізделген. Өзара міндеттемелерді ұқыпты сақтау сындарлы жұмыстың қажетті шарты болып табылады. Қоғам өз қызметкерлерімен ұзақ мерзімді ынтымақтастық және өзара құрмет қағидаттары негізінде қарым-қатынас орнатады.

Жалғыз акционермен қарым-қатынас «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының ережелерін қатаң ұстанған кезде іске асырылады.

Серіктестерге қатысты Қоғам Іскерлік этика кодексінде белгіленген принциптерді ұстанады, олармен жасалған шарттар талаптарының уақтылы және

дәл орындалуына, тапсырыс берушілердің барлық өтініштерін, тілектері мен наразылықтарын уақтылы және толық қарауға жауапты болады. Сыртқы ұйымдармен қарым-қатынас адалдық және өзара құрмет қағидаттарына негізделген.

Мемлекеттік билік пен басқару өкілдерімен қарым-қатынас адалдық, адалдық, кәсібилік, өзара сенім мен Құрмет, мемлекет мүдделерінің басымдығы қағидаттарында құрылады.

Кадр саясаты

Қоғамның кадр саясатының басым бағыты - жоғары білікті мамандарды тарту, дамыту және ұстап қалу, персоналды Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ынталандыру, қолайлы еңбек жағдайларын жасау және оларды жақсарту, сондай-ақ қызметкерлердің қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады. Қоғам менеджментімен салалық білім мен IT саласында арнайы білімі бар қызметкерлердің кәсіби штатын қолдауға ықпал ететін жағдайлар құрылуда.

2020 жылдың соңындағы жағдай бойынша Қоғамның штат саны – 433 адамды құрады, персоналдың орташа тізімдік саны – 457 қызметкерді құрады, есепті кезеңде – 156 қызметкер қабылданды, 66 қызметкер жұмыстан шығарылды. Персоналдың тұрақтамауы 13,41% құрады, салыстыру үшін 2019 жылы - 23,3%.

Гендерлік құрылымда ерлер мен әйелдердің саны бірдей екені байқалады, қызметкерлердің 90% - ның жоғары білімі бар. Компания қызметкерлерінің орташа жасы - 32 жас.

Қоғамда жоғары өнімді еңбекті көтермелеу үшін материалдық және материалдық емес ынталандырулар: сыйлықтар, материалдық көмек, естелік сыйлықтар, алғыс жариялау, грамоталармен марапаттау қолданылады.

Қоғамда бала туу/асырап алу, жұмыскерлердің немесе жақын туыстары қайтыс болған кезде материалдық көмек төлеу жүйесі қарастырылған. Мәселен, 2020 жылы балалардың туылуына байланысты – 48 қызметкерге, жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты – 11 қызметкерге бір жолғы төлем төленді.

Материалдық емес ынталандыру шеңберінде 2020 жылы Қоғамның 1 қызметкері Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына орай медальмен марапатталды, Қоғамның 1 жұмыскері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күніне орай ҚР ҚМ «Қаржы қызметінің үздігі» наградасына ие болды, Қоғамның 6 жұмыскері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күніне орай ҚР ҚМ құрмет грамоталарын алды, 10 жұмыскер 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Қоғамда жұмыскерлерге білім алу және басқа да әлеуметтік мақсаттар үшін қажетті, жалақысы сақталмайтын демалыстар, оқу демалысы түрінде не баланың (балалардың) тууына байланысты әлеуметтік демалыстар беру жүйесі қолданылады.

Қызметкерлерді еңбек жағдайларының өзгеруі туралы хабардар етудің ең аз мерзімі еңбек шарттарында жазылған және 15 күнтізбелік күнді құрайды.

Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында қызметкер еңбек міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жүргізіледі.

Қоғамда жалақыдан басқа, өтемақы және ынталандыру төлемдері бар. Қоғамда 12 ай жұмыс істеген қызметкерлерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде сауықтыруға бір лауазымдық жалақы мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

Қызметкерлерді оқытудың бекітілген жоспарына сәйкес Қоғамның мақсатына сәйкес айқындалатын өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы және міндеттерді шешу үшін қызметкерлерді кәсіби даму, кәсіби және басқарушылық қызмет саласындағы олардың теориялық және практикалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын жаңарту мақсатында, 85 қызметкер оқудан оның ішінде біліктілігін арттырудан өтті, 30-дан астам қызметкер халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес сертификаттар алды.

Біліктілік талаптарына сай келетін және жүктелген міндеттерді тиімді орындайтын мамандарды анықтау мақсатында кәсіби маңызды қасиеттерді бағалау – «кіру» психологиялық диагностика жүргізілді. 2020 жылы жұмысқа қабылдау кезінде: логика, есту қабілеті, есту қабілеті, зейін және есептеу дағдылары, ақпаратты талдау, болжамдық қабілеттер, көшбасшылыққа және басқару қызметіне бейімділік сияқты іскерлік қасиеттерді анықтауға арналған диагностикадан 177 қызметкер (оның ішінде 145 диспетчер және әртүрлі құрылымдық бөлімшелердің 32 маманы) өтті.

Байланыс-орталығындағы жобалар бойынша диспетчерлерді дайындаумен қатар, пайдаланушыларға қызмет көрсету және қызмет көрсету сапасын арттыру үшін «Телефон арқылы сөйлесудің психологиялық аспектілері» атты 2 модульдік бағдарлама дайындалып, 12 диспетчер үшін 6 сабақ өткізілді. «Аға диспетчер – Байланыс орталығының байланыстырушы буыны» тақырыбы бойынша пайдаланушыларға қолдау көрсету процесін басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында 4 аға диспетчер оқудан өтті.

Кәсіби шаршау синдромы өз қызметінің сипатына қарай басқа адамдармен көп қарым-қатынас жасауы тиіс адамдарда, әсіресе ұйымның нәтижесі қарым-қатынас сапасына байланысты болған кезде, көбінесе шаршау синдромы Байланыс-орталығының диспетчерлері кіретін «көмекші» мамандықтардың мамандарында дамиды. Шаршаудың, ұжымдағы еңбек жанжалдарының алдын алу, Байланыс-орталығында атмосфераны және психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында 2020 жылы 36 жеке-психологиялық кеңес өткізілді (ұжымдағы, отбасындағы өзара қарым-қатынас, ашуланшақтықпен жеке жұмыс, қоңыраудың теріс нәтижесін жеңу, қорқынышпен, ашуланумен, ренішпен, агрессиямен, отбасындағы зорлық-зомбылықпен жұмыс).

Студенттер, Қоғам және Сүлеймен Демирел атындағы университетпен, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ, Әл-Фараби

атындағы Қазақ ұлттық университетімен, Нұр-Сұлтан қаласының политехникалық колледжі арасында жасалған Студенттердің оқу, өндірістік және дипломалды практикасын ұйымдастыру жөніндегі үшжақты шарттарға сәйкес жоғарыда аталған оқу орындарының студенттері практиканы тұрақты негізде өткізіп тұрады.

Еңбекті қорғау саласындағы заңнама талаптарын сақтау Қоғам қызметін басқарудың жалпы жүйесінің маңызды және ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл бағытта Қоғам жұмыскерлердің Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулығын басшылыққа алады. Құжатта жұмыс басталар алдында, жұмыс кезінде және жұмыс аяқталғаннан кейін, сондай-ақ авариялық және өзге де жағдайларда жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жалпы талаптары регламенттелген. 2020 жылы Қоғам жұмыскерлері арасында жұмыста жарақаттану жағдайлары тіркелген жоқ. Жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлер міндетті түрде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелермен танысады, пайдаланылатын дербес компьютерлер мен өзге де техниканы білу және пайдалану тұрғысынан алғашқы нұсқама өткізілетінен айта кету қажет.

Әлеуметтік жауапкершілік.

Мемлекет тарапынан, жұмыс берушінің есебінен жүзеге асырылатын осындай санаттағы қызметкерлерді қолдау шараларының бірі болып табылатын мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін квотаны іске асыру шеңберінде Қоғамға мүгедектігі бар 7 қызметкер жұмысқа орналастырылды.

Қоғамда әлеуметтік жауапты ұйым ретінде жеке тұлғалар мен түрлі мекемелерге қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетуге байланысты мәселелерге ерекше көңіл бөлінеді.

Қызметтің осы бағыты аясында Қоғам балалар мекемелеріне, қайырымдылық ұйымдарына түрлі көмек көрсетеді.

«Қуан Сәби», «Мектепке жол» республикалық акциялары шеңберінде жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға қолдау көрсету бойынша «Дар» қоғамдық қоры арқылы жетім балаларға қайырымдылық көмек көрсету бойынша іс-шаралар өткізілді және Түркістан облысы Мақтаарал ауданының су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарына қорға көмек көрсетілді.

Коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында 2020 жылы Қоғам салауатты өмір салтын танымал етуге және ұжымда корпоративтік рухты нығайтуға бағытталған корпоративтік іс-шараларды (тимбилдингтер, конкурстар және т.б.) өткізген жоқ.

7. 2021 жылға арналған мақсаттар мен жоспарлар

7.1 «Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесі (ЭМС АИАЖ)

2021 жылы іске асыру жоспарлануда:

– тауарлардың электрондық каталогы (ТЭК);

– бір көздің үлесін азайту үшін «Электрондық дүкен» функционалы және өнім берушіні негізсіз таңдау;

– ТЭК-тен типтік техникалық ерекшеліктерді қалыптастыру;

– Заң жобасы шеңберінде комиссия мүшелерінің қатысуынсыз жеңімпазды анықтаудың рейтингтік-балдық жүйесін, негіздемелік келісімдерді және өзгені енгізу.

7.2 «е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі («е-Қаржымині» ИААЖ)

2021 жылға жоспарланған:

– Кадрлық есепке алу кіші жүйесінің «Е-қызмет» ИАЖ ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылы;

– Кадрлық есепке алу кіші жүйесінің «Азаматтық хал актілерін жазу» ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылы;

– «Мемлекеттік қарыз алу және кредиттеу бөлігінде МБ орындау» кіші жүйесі және ТБЖ/ФК кіші жүйесі бойынша түрлендірулерді жүзеге асыру;

– әзірлеудің жаңа технологияларын (Spring Cloud платформасы, заманауи JavaScript, ReacJS.PostgreSQL кітапханасы) пайдалана отырып, ТБЖ/ФК кіші жүйесін жаңарту;

– «Бухгалтерлік есеп» кіші жүйесінің МЖАЖ-мен ақпараттық өзара іс-қимылын жүргізу;

– Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы N 468 «Қаржылық есептілік нысандарын жасау және ұсыну нысандары мен қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты қаржылық есептілік нысандарының өзгерістерін іске асыру.

Келесі интеграцияларды іске асыру жоспарлануда:

– ҚР министрліктерімен интеграция («Е-қызмет» ИАЖ МҚІА - штаттық кесте бойынша деректерді беру; ССБААЖ - ҚБАЖ төлемдері мен шарттары (нысан №27, №28); ҚР ӘМ АХАЖ - ҚР ҚМ жұмыскерлерінің отбасылық статусы туралы деректерді қабылдау);

– ҚР ҚМ орталық аппаратымен және комитеттерімен интеграция (МЖАЖ жеке қаржыландыру жоспарларын/ҚР ҚМ құрылымына кіретін мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарларын қабылдау және беру).

7.3 Мемлекеттік қолдау шараларының объектілік мониторингінің кіші жүйесі (МҚШ)

2021 жылға арналған мемлекеттік қолдау шараларының (МҚШ) объектілік мониторингінің кіші жүйесінде мынадай іс-шараларды орындау қарастырылған:

– «электрондық үкіметтің» сыртқы шлюзі арқылы МҚШ-ның 8 операторымен интеграцияны іске асыру;

– «АСТАНА-1» жүйесінен берілген шот-фактуралар, түбіртектер, деректер бөлігінде ҚР ҚМ жүйелерінен деректерді толықтыру;

– берілген МҚШ-ның нысаналы мақсаты бойынша деректерді жинау және өңдеу бөлігінде жүйені дамыту;

– МАҚШ субъектілерін бағалаудың қосымша өлшемшарттарын алу бөлігінде «жоғары», «орташа», «төмен» типтер бойынша субъектілердің өлшемшарттарын көрсету бойынша тәуекелдерді басқару жүйесінен (ҚР ҚМ МКК ТБЖ) деректерді көрсету тетігі көзделген.

7.4 «Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі» (ҚИАЖ) «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі» (ҚКАЖ)

2021 жылы 4 наурызда, Қоғам пандемияға байланысты қолданыстағы карантиндік және шектеу шаралары жағдайында қызметтердің тиісті сапасына қолдау көрсету мақсатында ҚК АЖ пайдалану мәселелері бойынша жедел өзгерістер, түрлендіру енгізу, үздіксіз жұмыс істеу, пайдаланушыларға консультациялық қолдау көрсету бойынша барлық күш-жігерін салатын ҚКАЖ сүйемелдеу және әкімшілендіру бойынша мемлекеттік сатып алу туралы №71 шарт жасалды.

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында бағдарламалық қамтылымға түрлендіру және жедел өзгерістер енгізу жоспары бойынша іс-шараларды іске асыру шеңберінде бақылаудың қажетті деңгейін сақтай отырып, өңдеу уақытын 5-6 есе (3-4 секундқа дейін) азайтуға ықпал ететін азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу процесін оңтайландыру жүзеге асырылды.

2021 жылы Қоғам жауапты орындаушы болып айқындалған жағдайда, «Қазынашылық комитетінің ақпараттық жүйесін дамыту және жаңғырту» мемлекеттік инвестициялық жобасы шеңберінде ҚК АЖ функционалдығын дамыту бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

7.5 «Мемлекеттік жоспарлау» ақпараттық жүйесі (МЖАЖ)

МЖАЖ дамуының екінші кезеңі шеңберінде 2021 жылы «Мемсараптама» РМК-мен (ЖСҚ) және Қазақстандық МЖӘ орталығымен (ТЭН/ҚЭН) өзара іс-қимыл жасау жолымен барлық ілеспе құжаттамамен инвестициялық жобаларды қалыптастыруды және келісуді автоматтандыратын «Мемлекеттік инвестициялық жобалар (МИЖ)» жаңа модулін іске асыру жоспарлануда.

Тиісті қағидаларға түзетулер енгізуге байланысты «Болжамды шоғырландырылған қаржылық есептілік (БШҚЕ)» модулін іске асырудың екінші кезеңі жүзеге асырылатын болады.

«Бюджеттік өтінім» модулін дамыту шеңберінде бюджеттік өтінімдердің жаңа нысандарын, сондай-ақ нормалар мен шығыстар нормативтері шегінде форматтық-логикалық бақылауды іске асыру жоспарлануда.

«Республикалық бюджет комиссиясы (РБК)» модулін дамыту шеңберінде РБК хаттамасынан үзінді көшірмені қалыптастыру, келісу және бекіту жөніндегі функционалды іске асыру жоспарлануда.

Республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы бюджетаралық қатынастар процесін автоматтандыратын жергілікті атқарушы органдармен

(ЖАО) өзара іс-қимыл функционалын іске асыру, сондай-ақ ЖАО қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру және нақтылау жоспарлануда.

Мыналармен:

- республикалық бюджеттің шығыс және кіріс бөлігінің орындалуы бойынша мәліметтер алу үшін, сондай-ақ мемлекеттік борыш пен сыйақы бойынша төлемдер кестесі бойынша деректер алу үшін «е-Қаржымині» ИААЖ-бен;
- мемлекеттік сатып алу жоспарларын қалыптастыру үшін бюджеттік өтінімнен деректерді беру үшін «ЭМС» АИАЖ-бен»;
- заңды тұлғалар бойынша деректерді алу үшін ЗТ МДҚ-мен интеграция жүзеге асырылады.

7.6 Салықтық және кедендік әкімшілендіру саласындағы ақпараттық жүйелер (МКК АЖ)

2021 жылы СТжССОТ мен ЕБМ АЖ-дан басқа, салықтық және кедендік әкімшілендіру саласындағы ақпараттық жүйелерді (МКК АЖ) сүйемелдеу жоспарлануда.

2021 жылға арналған маңызды міндеттердің бірі сәулет пен дизайнды жобалаудан басталып, пилоттық жобамен аяқталатын жеке кәсіпкерлерге арналған «eSalyq Business» мобильді қосымшасын іске асыру болып табылады.

«eSalyq Business» мобильді қосымшасы жеке кәсіпкерлерге салық салуды және оны басқаруды айтарлықтай жеңілдетеді деп жоспарлануда.

Осы қосымшаның аясында мына функцияларды жүзеге асыру жоспарлануда:

– мобильді қосымшада тіркеу /авторизациялау (логин /пароль, ЭЦҚ, SMS, Face ID);
– тіркелген дара кәсіпкерлер туралы деректерді алу/беру бөлігінде БДБ/СӘБЖ және басқа да жүйелермен интеграциялау;
– түбіртектермен жұмыс;
– салықты автоматты түрде есептеу;
– әр түрлі интернет-платформалармен, банктік қосымшалармен және т.б. интеграция;
– сервистер бойынша API іске асыру.

СЕӨС және ТТК ақпараттық жүйелері бойынша жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде салық төлеушілердің салық есептілігін тапсыруға дайындау бойынша жұмыс жалғасын табады.

«АСТАНА-1» АЖ сүйемелдеу аясында:

– электрондық транзиттік декларацияларды автоматты түрде шығаруды іске асыру;
– тауарларға арналған декларацияны тапсырғанға дейін тауарларды шығару туралы өтінішті беру кезінде, жолаушылардың кедендік декларациясын және кедендік кіріс ордерін беру кезінде тәуекелдерді бағалау процесін іске асыру;

– жеке тұлғаның жолаушылар кедендік декларациясын дербес беру мүмкіндігін іске асыру;

– «Қазпочта» АҚ-мен жеке пайдалануға арналған халықаралық почта жөнелтілімдері тауарларын декларациялау бойынша шешім қабылдау үшін алдын ала ақпараттандыру және мәліметтер беру бойынша интеграциялық өзара іс-қимылды іске асыру;

«АСТАНА-1» АЖ әкімшілендіру бойынша да қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу жоспарлануда.

2021 жылы қоғам СӘБЖ одан әрі әзірлеу бойынша жұмыстарды жүргізуді жоспарлап отыр.

СӘБЖ-ді енгізу:

– «электрондық үкімет» шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

– МКО қызметкерлерінің өтініштерді, өтінімдерді және есептілік нысандарын өңдеу процестеріне қатысуын барынша азайту;

– салықтық өтініштерді, өтінімдерді өңдеу уақытын 1 минутқа дейін қысқарту;

– пайдаланушылар үшін АЖ қолжетімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

– барынша жоғары жүктеме кезінде жүйенің тұрақты жұмысын, оның ішінде жалпыға бірдей декларациялауды (ЖБД) енгізуге байланысты жүктемені қамтамасыз ету.

– барлық салық төлеушілерге - электрондық алмасуға қатысушыларға Интернет арқылы электронды түрде ЖБД бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігін ұсыну;

– функционалды жіңішке клиентке ауыстыру есебінен салық инспекторларының жұмыс орындарын әкімшілендіруге және қолдауға арналған шығындарды азайту, ақпараттық ресурстарды пайдаланудың қол жетімділігі мен ыңғайлылығы;

– орталықтандырылған әкімшілендіруді және кіші жүйелерді мониторингтеуді жүзеге асыру;

– орталықтандырылған архитектураға байланысты IP құрамдастарын басқарудың қарапайымдылығы сияқты проблемалық мәселелерді шешеді.

7.7 Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің Бірыңғай ақпараттық талдау жүйесі (ҚР ҚМА БАТЖ)

2021 жылы ҚР ҚМА БАТЖ сүйемелдеу және техникалық қолдау көрсету аясында:

– Веб-СФМ модулін түрлендіру (қашықтықтан мониторингтеу);

11	30.11.2020	күндізгі	1.«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының 2017-2021 жылдарға арналған Даму жоспарын жыл сайын нақтылауды бекіту туралы, жоспарланып отырған кезең 2021 жыл. 2.«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының 2017-2021 жылдарға арналған Даму жоспарының іске асырылуын бағалауды жүзеге асыру туралы, есепті кезең 2019 жыл. 3.«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлері үшін 2020 жылға арналған қызметтің нысаналы мәні бар негізгі көрсеткіштерінің карталарын қайта бекіту туралы. 5.Қазақстан Республикасының «Тәуелсіздік күні» ұлттық мерекесіне «электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының ішкі аудиторына сыйлықақы төлеу туралы. 6.Тәуелсіз кәсіби ұйымның «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің қызметін бағалау қорытындылары бойынша есепті қарауы.
12	15.12.2020	күндізгі	1.«Е-Қаржымині» жобасын іске асыру аудиті бойынша «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Ішкі аудиторының ұсынымдарын орындау жөніндегі жұмыс жоспарын бекіту туралы. 2.«Электрондық қаржы орталығы» АҚ 2020 жылғы 1-3 тоқсандағы тәуекелдерді басқару жөніндегі есебін бекіту туралы. 3.Тәуелсіз ұйымның «Электрондық қаржы орталығы» АҚ корпоративтік басқаруын бағалау қорытындылары бойынша есепті қарау туралы.

			4.Қазақстан Республикасының «Тәуелсіздік күні» ұлттық мерекесіне орай «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйлықақы төлеу туралы. 5.«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма мүшесін сайлау, оның өкілеттік мерзімі мен лауазымдық жалақысының мөлшерін, сондай-ақ еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау туралы.
13	28.12.2020	сырттай	1. «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы. 2. «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Корпоративтік хатшысының 2021 жылға арналған Жұмыс жоспарын бекіту туралы.

«Электрондық қаржы
орталығы» АҚ
Директорлар кеңесінің
2021 жылғы «26» ақпандағы
№2 хаттама шешімімен
бекітілген

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының 2020 жылғы Корпоративтік басқару кодексі нормаларының сақталуы туралы есеп

	Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттары	Сақталады / ішінара сақталады / сақталмайды	Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен нормаларын сақтау үшін орындалған іс-шаралар, оның ішінде сақтамау себептері туралы түсіндірмелер
	Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты	**Сақталады**	«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы *(бұдан әрі - Қоғам)* қызметінің негізгі қағидаттарының бірі Қоғам органдары (жоғары орган – Жалғыз акционер, басқару органы – Директорлар кеңесі *(бұдан әрі – ДК),* атқарушы орган – Басқарма, бақылау органы – Ішкі аудит қызметі) арасындағы барынша ашық және тиімді өзара іс-қимыл болып табылады. Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидатын іске асыру ҚР заңнамасына, Жалғыз Акционердің шешімімен бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексіне – ҚР Қаржы бірінші вице-

			министрінің 2019 жылғы 13 қарашадағы № 1257 бұйрығына *(бұдан әрі – Кодекс)* және Жалғыз Акционердің шешімімен бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Жарғысына – ҚР Қаржы министрінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 1103 бұйрығына *(бұдан әрі – Жарғы)* сәйкес жүзеге асырылады. Қоғам Жарғысында Жалғыз акционердің, ДК, Қоғам Басқармасы мен Ішкі аудит қызметінің құқықтары, міндеттері мен айрықша құзыреттері қарастырылған. Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғам қызметінің мәні: - деректерді орналастыру және өңдеу бойынша қызметтер; - веб-порталдар. Қоғам қызметін ҚР заңнамасына сәйкес өзінің жарғылық (негізгі) қызметі шеңберінде жүзеге асырады. Қоғам қызметі тиісті тауар нарығындағы бәсекелестікті шектемейді және мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысу негіздеріне сәйкес келеді, өйткені ҚР Кәсіпкерлік кодексінің нормаларына сәйкес қызметтің жарғылық түрлері монополияға қарсы органмен алдын ала келісілген. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамды басқаруға «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында және Қоғам Жарғысында көзделген акционердің өкілеттіктерін іске асыру арқылы ғана қатысады. Қоғам, оның Жалғыз акционері және мүдделі тұлғалар арасындағы мәмілелер мен қатынастар коммерциялық негізде, ҚР қолданыстағы заңнамасының шеңберінде, оның ішінде ҚР Азаматтық кодексінің, ҚР Бюджеттік кодексінің нормаларына, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» (2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V) және «Акционерлік қоғамдар туралы» (2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-И) заңдарына, ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына, ҚР Қаржы, шарттарды орындау және «Электрондық қаржы орталығы» АҚ қызметін

			құқықтық қамтамасыз ету процестерін басқару жөніндегі нұсқаулықпен және Қоғам Басқармасының 2019 жылғы 20 қыркүйектегі шешімімен (№16 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықпен бекітілген. Борыштық және үлестік қаржы нарығы Қоғамды қаржыландыру көзі ретінде тартылмаған. Қоғамның тапсырыс беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға қатысуы бәсекеге қабілеттілікке, ашықтыққа (құпиялылық қағидатын ескере отырып) негізделеді және кемсітпеушілік сипатта болады. Қоғамның 2020 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жылдық жоспары Қоғам Басқармасы төрағасының 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 274 бұйрығымен бекітілген және 2019 жылғы 25 желтоқсанда Мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған. Жыл ішінде Қоғамның мемлекеттік сатып алуларының жылдық жоспарына 39 өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілді. Мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша 2020 жылы мемлекеттік сатып алу туралы 208 шарт және оларға қосымша 15 келісім жасалды. Өнім берушілердің шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамауы немесе орындамауы салдарынан Қоғам Нұр-Сұлтан қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына оларды жосықсыз өнім берушілер тізіліміне енгізу және тұрақсыздық айыбының сомаларын өндіріп алу туралы 6 талап арыз берді. 2020 жылғы қарау қорытындысы бойынша 2 талап арыз бойынша талап қою талаптарын толық қанағаттандыру туралы сот шешімі шығарылды және 4 талап арыз бойынша іс жүргізу ҚР-да төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты тоқтатылды.

			Мемлекеттік органдар мен Қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастар (өзара іс-қимыл) Корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес ДК және/немесе Қоғам Басқармасы арқылы жүзеге асырылады. Қоғам Жалғыз акционеріне және ДК-ге «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына, Жарғыға сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашады және Қоғам қызметінің барлық мүдделі тұлғалар алдында ашықтығын қамтамасыз етеді. Қоғамның тиісті корпоративтік басқаруы ҚР заңнамасының, Жарғының, Кодекстің және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес сақталады. ДК төрағасы мен Қоғам Басқармасы Төрағасының рөлі мен функциялары Жарғыда, сондай-ақ ҚР Қаржы бірінші вице-министрінің 2019 жылғы 13 қарашадағы № 1257 бұйрығымен бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеде және ДК 2019 жылғы 05 қарашадағы шешімімен (№10 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Басқармасы туралы ережеде регламенттелген. Корпоративтік басқарудың жүйелілігі мен бірізділігін қамтамасыз ету үшін Қоғам оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, сондай-ақ қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітті. Қоғамның негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз ету болып табылады, бұл оның Даму жоспарында көрініс табады. Барлық қабылданған шешімдер мен іс-әрекеттер Қоғамның Даму жоспарына сәйкес келеді. Қоғамның 2017-2021 жылдарға арналған Даму жоспарын жыл сайын нақтылау, 2020 жылға жоспарланған кезең ДК-нің 2019 жылғы 28 қарашадағы шешімімен бекітілген (№11 хаттама).

			2020 жыл ішінде ДК шешімдерімен 2020 жылға арналған Даму жоспарының жартыжылдық нақтылаулары, 2019 жылдың есепті кезеңіндегі Даму жоспарының орындалуы бойынша есеп және 2021 жылдың жоспарланып отырған көрсеткіштері бекітілді. Даму жоспарындағы қаржылық көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларына сәйкес есептелген. Қоғамның Даму жоспарының 2020 жылға арналған жартыжылдық нақтылаулары есепті кезеңде екі рет түзетілді. Жарты жылдық нақтылаулар кіріс және шығыс бөліктеріндегі өзгерістермен байланысты. Соңғы жартыжылдық нақтылау қаржы-шаруашылық қызметтің нақты қалыптасқан көрсеткіштерін ескере отырып жүзеге асырылды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 904 199,39 млн.теңге таза пайда жоспарлануда. 2020 жылға арналған Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті Қоғамның Жалғыз акционері қаржы жылының қорытындылары бойынша аудиттелген қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін 2021 жылғы маусым-шілдеде бекіту жоспарлануда. 2019 жылғы Даму жоспарының орындалуы бойынша есеп бекітілген аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес қалыптастырылды. Қоғамның 2019 жылғы таза пайдасы 488 488 млн. теңгені құрады.

			Қоғам мен Басқарма қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі ПӘК жүйесі болып табылады. Қоғамның Жалғыз акционері ДК-дегі өз өкілдері арқылы стратегиялық бағдарлар мен ПӘК бойынша өз үміттерін білдіреді. Жыл сайынғы негізде Қоғамның ПӘК-ке қол жеткізуін бағалау жүзеге асырылады. Бұл бағалау Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің сыйақысына әсер етеді, оларды қайта сайлау кезінде назарға алынады, сондай-ақ оларды атқаратын лауазымынан мерзімінен бұрын шеттету үшін негіздердің бірі болып табылады.
2	**Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты**	**Сақталады**	Қоғам құрылтайшысы ҚР Үкіметі атынан ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті болып табылады. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын ҚР Қаржы министрлігі (Жалғыз акционер) жүзеге асырады. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері Жарғының 6-бөлімінде көзделген. Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын ақпарат Қоғамның веб-сайтында және/немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында уақтылы орналастырылады. Қоғамның Жалғыз акционерінің Қоғамды басқаруға қатысуы жөніндегі құқықтарын іске асыру мақсатында 2020 жыл кезеңінде Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыреті бойынша бірқатар шешімдер қабылданды: 1) 2020 жылғы 30 қаңтарда «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының 2020 жылға арналған өкілдік шығыстарының лимиттерін бекіту туралы» № 79 шешім қабылданды; 2) 2020 жылғы 2 наурызда «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» № 214 шешім қабылданды;

			3) 2020 жылғы 3 сәуірде № 351 «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамына аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау туралы» шешім қабылданды; 4) 2020 жылғы 29 сәуірде «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы» № 428 шешім қабылданды; 5) 2020 жылғы 15 мамырда «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының ірі мәмілесін жасау туралы» № 489 шешім қабылданды; 6) 2020 жылғы 22 маусымда «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының 2019 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту және таза табысын бөлу туралы» № 622 шешім қабылданды; 7) 2020 жылғы 23 маусымда «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» № 627 шешім қабылданды; 8) 2020 жылғы 26 маусымда «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының ірі мәміле жасасуы туралы» № 635 шешім қабылданды; 9) 2020 жылғы 26 маусымда «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының ірі мәмілесін жасау туралы» № 636 шешім қабылданды; 10) 2020 жылғы 8 шілдеде «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының ірі мәміле жасасуы туралы» № 664 шешім қабылданды; 11) 2020 жылғы 21 қыркүйекте «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының ірі мәміле жасасуы туралы» № 896 шешім қабылданды; 12) 2020 жылғы 29 желтоқсанда «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» № 1254 шешім қабылданды. Есепті кезеңде Қоғамның Жалғыз акционерінің ресми сұрау салулары бойынша Қоғам қызметі туралы барлық қажетті мәліметтер ұсынылды.

			Бұл ретте, Қоғамның Жалғыз акционерінің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері түскен жоқ. Сонымен қатар, Қоғамның Жалғыз акционерінің пайда үлесін алу жөніндегі құқығын қамтамасыз ету үшін Қоғам өз қызметінде 2017 жылғы 5 шілдедегі ДК шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Электрондық коммерция орталығы» АҚ таза табысын (дивидендтерін) бөлу тәртібі туралы ережені басшылыққа алады. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімін орындау үшін, Қоғам 2019 жылдың қорытындысы бойынша 2020 жылғы 29 маусымдағы № 890 және № 891 төлем тапсырмаларымен республикалық бюджетке 488 488 040 теңге 07 тиын сомасында дивидендтерді аударуды қамтамасыз етті. Бұдан басқа, Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтарын қамтамасыз ету шеңберінде ДК төрағасы, Басқарма Төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ Қоғам қызметкерлері Қоғам қызметі туралы мәселелерді талқылау бойынша ҚР Қаржы министрлігінің кеңестеріне тұрақты түрде қатысады.
3	**Қоғамды, Директорлар кеңесін және Басқарманы тиімді басқару қағидаты**	**Сақталады**	Қоғамның Жалғыз акционерінің 2017 жылғы 1 шілдедегі № 745 шешімімен ДК сандық құрамы бес адам болып белгіленді, сондай-ақ ДК мүшелерінің құрамы сайланды, оның екеуі Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілдері, екі тәуелсіз директор және бір Қоғам Басқармасының төрағасы болды, Қоғам ДК өкілеттіктерінің мерзімі үш жылға белгіленді. Сонымен қатар, 2020 жылы Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі негізінде бірінші мерзімге сайланған ДК сандық құрамы 6 адамға дейін ұлғайтылды. ДК өкілеттігінің мерзімі 2020 жылғы 1 шілдеге дейін белгіленуіне байланысты, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен (ҚР Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 23 маусымдағы № 627 бұйрығы) алты адамнан тұратын Қоғам ДК-нің сандық құрамы айқындалды, сондай-ақ ДК мүшелерінің құрамы

			сайланды, оның ішінде екеуі Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілдері, үшеуі тәуелсіз директор және бір Қоғам Басқармасының төрағасы, ДК өкілеттігінің мерзімі үш жылға белгіленді. Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады. Қоғамның Жалғыз акционерінің 2020 жылғы 23 маусымдағы № 627 шешімі бойынша, сондай-ақ жасалған шарттар негізінде тәуелсіз директорларға ай сайынғы белгіленген сыйақы төленеді. Есепті кезең ішінде шешімдер қабылдау үшін кворумды сақтай отырып, Қоғам ДК-нің 13 отырысы өткізілді (күндізгі нысанда - 7, сырттай нысанда - 6). ДК отырыстарында ДК-нің айрықша құзыретіне жатқызылған 58 мәселе бойынша шешімдер қаралды және қабылданды, оның ішінде Қоғам ДК-нің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарында жоспарланған мәселелер бойынша шешімдер қабылданды. ДК қызметін тиімді ұйымдастыру және Басқарманың Қоғамның Жалғыз акционерімен өзара іс-қимылы мақсатында Қоғамның Корпоративтік хатшысы тағайындалды, оның өкілеттік мерзімі ДК-нің 2020 жылғы 29 мамырдағы шешімімен (№5 хаттама) 2021 жылғы 3 маусымға дейін ұзартылды. Сонымен қатар, Қоғам ДК-нің 2020 жылғы 19 тамыздағы шешімімен (№8 хаттама) Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, Аудит жөніндегі комитет және Қоғам ДК Кадрлар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің *(бұдан әрі – Комитеттер)* құрамы құрылып, олар туралы Ережелер бекітілді. Есепті кезең ішінде шешімдер қабылдау үшін кворумды сақтай отырып, Комитеттердің 9 отырысы өткізілді (күндізгі нысанда - 6, сырттай нысанда - 3). Комитеттердің отырыстарында Қоғамның Жалғыз акционерінің мүддесінде әрекет

			ететін және жұмысы ДК-ге жәрдемдесуге бағытталған Комитеттердің құзыреті шеңберіндегі 13 мәселе бойынша алдын ала қаралып, шешімдер қабылданды. Қоғам Басқармасы 2017 жылғы 5 шілдедегі ДК шешімімен (№1 хаттама) құрылды. Бұл ретте, Қоғам Басқармасының 2020 жылы өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты ДК-нің 2020 жылғы 1 шілдедегі шешімімен (№6 хаттама) оның құрамы 5 адам болып және өкілеттік мерзімі 3 жылға белгіленді. 2020 жылы Қоғам Басқармасы Қоғамның қаржы-шаруашылық және әкімшілік қызметінің мәселелерін қарау бойынша 33 күндізгі отырыс өткізді, сондай-ақ даму жоспарын, ДК және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерін іске асыру бойынша тиісті жұмыс жүргізілді. Барлығы 62 мәселе қаралып, олар бойынша шешім қабылданды. 2020 жылы Қоғам ДК-нің 2020 жылғы 12 мамырдағы шешімімен (№4 хаттама) Қоғам Басқармасы мүшелерінің қызметін жыл сайынғы бағалау және сыйақы төлеу үшін олардың қызметінің түйінді көрсеткіштерінің (индикаторларының) карталары бекітілді. Қоғамның 2020 жылға арналған Даму жоспарын түзетуге байланысты Қоғам ДК-нің 2020 жылғы 30 қарашадағы шешімімен (№11 хаттама) қайта бекітілді. Қоғам ДК бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалау мәселесін қарау 2021 жылдың сәуір-мамыр айларына жоспарланған. Қоғам ДК-нің тиісті шешімдерімен ақпан, тамыз және қараша айларында Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штат санына өзгерістер енгізілді. Қоғамның ұйымдық құрылымы шешім қабылдаудың тиімділігіне, Қоғамның өнімділігін арттыруға, шешім қабылдаудың жеделдігіне және ұйымдастырушылық икемділікке бағытталған Қоғамның Даму жоспарына сәйкес бекітілген.

			Сондай-ақ, Кодекстің 105-тармағына сәйкес ДК, ДК Комитеттері мен мүшелері жыл сайынғы негізде бағаланады. Бұл ретте бағалау үш жылда кемінде бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі. Осыған байланысты, Қоғам Мемлекеттік сатып алу порталында конкурс өткізді, оның жеңімпазы «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС болып анықталды. Осының негізінде, жоғарыда көрсетілген тараптар арасында 2020 жылғы 18 тамыздағы № 138 «Тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып, «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің қызметін бағалау *(бұдан әрі - Бағалау)*» қызметтерін мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды. Бағалау нәтижелері бойынша Қоғамның ДК қызметі тиімділігінің қорытынды рейтингі 70% құрады, бұл тәуелсіз ұйымды тарта отырып, алғаш рет жүргізілген бағалау үшін жақсы көрсеткіш болып табылады. Бұдан басқа, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV ҚР Заңының 182-бабы 3-тармағының 2-бөлігіне сәйкес, Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексіне сәйкес корпоративтік басқару кодекстерін бекітеді, сондай-ақ корпоративтік басқаруға кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз бағалау жүргізеді, оның нәтижелерін акционерлік қоғамдардың интернет-ресурсында орналастырады. Осыған байланысты, Қоғам Мемлекеттік сатып алу порталында конкурс өткізді, оның жеңімпазы «Вектор» консалтингтік агенттігі» ЖШС болып анықталды. Осының негізінде, жоғарыда көрсетілген тараптар арасында 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 150 «Электрондық қаржы орталығы» АҚ-да корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалау *(бұдан әрі - Тәуелсіз бағалау)*» қызметтерін мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды. Тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша талдаудың

			жекелеген негізгі компоненттері бойынша Қоғамның корпоративтік басқару деңгейінің есептелген жалпы рейтингі 84,3% құрайды немесе корпоративтік басқару деңгейінің рейтингтік бағалау шәкілі бойынша KZCG6-ға сәйкес келеді. KZCG6 деңгейінің рейтингін ҚР заңнамасының талаптарын сақтайтын және Кодекстің негізгі қағидаттарын ұстанатын, корпоративтік басқарудың жоғары деңгейі бар компаниялар алады. Бұл рейтинг инвестициялық-тартымды болып табылады және Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтарына қысым жасаумен байланысты тәуекелдердің ең аз мөлшерін, ДК және Қоғам басқармасы жұмысының ашықтығын, сондай-ақ рейтинг беру кезіндегі компанияның қызметі туралы деректердің ашықтығын растайды.
4	**Тұрақты даму қағидаты**	**Сақталады**	Негізгі қызметін жүзеге асыру кезінде Қоғам тапсырыс беруші ҚР Қаржы министрлігі болып табылатын IT-технологияларды жетілдіруге және мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға ұдайы ұмтылады, бұл Қоғам жобаларының құнына әсер етеді және ұзақ мерзімді құнның өсуін қамтамасыз етеді. Қоғамның тұрақты дамуы мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін және ашықтық, есептілік, айқындық, әдептілік мінез-құлық, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу және жеке мысал бойынша қағидаттарды сақтайды. Қоғам мүдделі тараптардың ұсыныстары мен сұрақтарына ашық, Қоғамның веб-сайтындағы нысанды толтыру арқылы қол жетімді (https://ecc.kz/ru/contacts) - «Кері байланыс», сондай-ақ Қоғамның байланыс нөмірлеріне, электрондық және пошталық мекенжайына жүгінуге болады. Сонымен қатар, Қоғам қызметінің уақтылы және сапалы нәтижелеріне қол жеткізу үшін Басқарма төрағасының 2020 жылғы 3 ақпандағы № 51 бұйрығымен

			нақты іс-шараларды белгіленген мерзімде орындауды қамтитын, сондай-ақ оларды орындауға жауапты адамдарды айқындайтын Қоғамның 2020 жылға арналған Жұмыс жоспары бекітілді. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде тұрақты дамудың үш құрауышын ұстанады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Экономикалық құрауыш Қоғамның Жалғыз акционерінің ұзақ мерзімді құнын өсіруге және мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған. Экологиялық құрауыш экологиялық, энергия және материал үнемдеуші технологияларды қолдануға, сондай-ақ қалдықтарды өңдеу мен жоюды барынша азайтуға бағытталған. Әлеуметтік құрауыш бөлігі әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағдарланған, ол басқалармен қатар еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және жұмыскерлердің денсаулығын сақтауды, әділ сыйақыны, сондай-ақ Қоғам персоналының тұрақты дамуын (оқытылуын) қамтиды. Қоғамда осы құрамдас бөлікті іске асыру үшін Басқарманың 2019 жылғы 11 қазандағы шешімімен (№18 хаттама) «Электрондық қаржы орталығы» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық бекітілді. 2020 жылы ҚР-да COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясының жариялануына байланысты, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында ҚР заңнамасына сәйкес бүкіл аумақ бойынша төтенше жағдай енгізілді. Пандемия кезеңінде Қоғам қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде кеңсе үй-жайларын дезинфекциялық өңдеу, әр қабатта қолға арналған антисептиктер мен антисептикалық кілемшелер орнату, COVID-19 коронавирустық инфекциясын жұқтырғандарды анықтау мақсатында қызметкерлерді ПТР-тестілеу, қызметкерлерге жеке қорғаныш

			құралдарын беру, ақпараттық таратулар, плакаттар мен брошюралар арқылы түсіндіру жұмыстары, осы инфекцияны таратпау жөніндегі шараларға қатысты жұмыстар жүргізілді. COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында Қоғам қызметкерлері Қоғам Басқармасы Төрағасының 2020 жылғы 17 наурыздағы № 104, 2020 жылғы 26 наурыздағы № 110 және 2020 жылғы 11 мамырдағы № 245/1-Л «Қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыру туралы» бұйрықтары негізінде қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстырылды. «Нұр-Сұлтан қаласындағы шектеу және карантиндік шаралар туралы» 2020 жылғы 24 қазандағы № 245 Нұр-Сұлтан қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қоғам Басқармасы төрағасының 2020 жылғы 26 қазандағы № 570-Л «Жұмысқа шығу туралы» бұйрығы негізінде Қоғам қызметкерлерінің 60% қашықтықтан жұмыс істеу нысаны сақталды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Нұр-Сұлтан қаласындағы шектеу және карантиндік шаралар туралы» 2020 жылғы 20 қарашадағы № ПГСВ-248 бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қоғам Басқармасы төрағасының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 641-Л «Жұмысқа шығу туралы» бұйрығы негізінде Қоғам қызметкерлерінің 70% қашықтықтан жұмыс істеу нысаны сақталды. Сонымен қатар, Қоғам Басқармасы төрағасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 78 бұйрығымен Қоғамдағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлға айқындалды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 «Қызметкерлерді, басшыларды және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғаларды

			еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, оларға нұсқама беруді және білімдерін тексеруді жүргізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес 2020 жылы бірінші басшы мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан және білімін тексеруден өтті. 2021 жылы Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту өткізу жоспарлануда. ДК 2019 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, материалдық ынталандыру және әлеуметтік қолдау шарттары туралы ережеге сәйкес 2020 жылы есепті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша және мемлекеттік, ұлттық және кәсіби мерекелерді мерекелеуге байланысты Қоғам қызметкерлеріне сыйақылар төленді. 2020 жылы келесі марапаттар алынды: Қоғамның 1 қызметкері ҚР Конституциясының 25 жылдығына орай ҚР Президентінің Жарлығымен медальмен марапатталды; Қоғамның 1 қызметкері ҚР Ұлттық валютасы күніне орай ҚР Қаржы министрлігінен «Қаржы қызметінің үздігі» марапатына ие болды; Қоғамның 6 қызметкері ҚР Ұлттық валютасы күніне орай ҚР Қаржы министрлігінен құрмет грамоталарына ие болды. Сонымен қатар, Қоғамның 10 қызметкері 2020 жылдың қорытындысы бойынша «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Құрмет грамоталарымен марапатталды. Сонымен қатар, Қоғам «Дар» қоғамдық қоры арқылы жетім балаларға қайырымдылық көмек көрсету бойынша, «Қуан Сәби» республикалық акциясы шеңберінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайда қалған балаларды қолдау бойынша іс-шаралар өткізді, сондай-ақ

			Түркістан облысы Мақтаарал ауданының су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарына арналған қорға көмек көрсетті. Қоғам қызметкерлерінің кәсіби дамуы, олардың лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы және Қоғамның мақсаттарына сәйкес айқындалатын міндеттерді шешуі үшін кәсіби және басқару қызметі саласындағы теориялық және практикалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын жаңарту мақсатында Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 30 маусымдағы шешімімен (№16 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ қызметкерлерін оқыту және олардың біліктілігін арттыру қағидаларына *(бұдан әрі – Оқыту қағидалары)* 2020 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы Оқыту қағидаларына және Қоғамның 2020 жылға арналған Оқыту жоспарына сәйкес 85 қызметкер оқытылды, олардың 25-і сертификат алды. Сондай-ақ, 2020 жылғы 3-28 қазан аралығында Қоғамның байланыс орталығының басшылығымен қызметкерлердің білімін және мемлекеттік сатып алу порталын пайдаланушыларға қызмет көрсету сапасын тексеру мақсатында «Электрондық мемлекеттік сатып алу» ААӨЖ жобасының 45 диспетчерінің білімі шектелді. Оның қорытындысы бойынша, Қоғам психологы Қоғамның 8 диспетчеріне психологиялық қолдау көрсетті. Бұдан басқа, Қоғам «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және Қоғам Басқармасының 2019 жылғы 8 сәуірдегі шешімімен (№7 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларын *(бұдан әрі – Қағидалар)* ұстанады. Қағидалардың 7-тармағына сәйкес Қоғамда жылына 1 рет сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі, оның қорытындысы бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты, оларды

			жою жөніндегі ұсынымдарды және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін қамтитын талдамалық анықтама қалыптастырылады.
5	**Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидаты**	**Сақталады**	Қоғамның тәуекелдерін басқарудың қолданыстағы корпоративтік жүйесінің *(бұдан әрі – ТБЖ)* негізгі мақсаты Қоғамның өсуі, оның кірістілігі мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерімге қол жеткізу, сондай-ақ стратегиялық жоспарларды іске асыру және белгіленген міндеттерге қол жеткізу шеңберінде орнықты дамуды қамтамасыз ету болып табылады. ТБЖ енгізу және жетілдіру Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті шарт болып табылады және келешекте аса маңызды міндеттердің бірі болмақ. Осыған байланысты ДК-нің 2018 жылғы 5 қарашадағы шешімімен (№11 хаттама) Қоғамның ұйымдық құрылымы бекітілді, онда Қоғам басқармасының төрағасына есеп беретін тәуекел менеджері лауазымы айқындалды. Тәуекел менеджері Қоғамдағы тәуекелдерді басқару процесін үйлестіреді. Қоғамдағы тәуекелдерді анықтау және бағалау жұмыстары Қоғамның келесі ішкі құжаттарына сәйкес жүргізілді: 1) Кодекс; 2) 2018 жылғы 19 қарашадағы ДК шешімімен бекітілген «Электрондық коммерция орталығы» АҚ тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты (№12 хаттама); 3) Қоғам Басқармасының 2018 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен (№17 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау қағидалары.

			ТБЖ саясаты тәуекелдерді анықтауға және оларды кешенді түрде қарауға бағытталған, бұл ағымдағы тәуекелдер бойынша тұтас көріністі көрсетуге ықпал етеді және жүргізілетін тәуекелдерді талдау сапасын арттырады. 2020 жылы Қоғамдағы тәуекелдерді басқару аясында келесі жұмыстар атқарылды: 1. 2019 жылдың 4 тоқсанына, 2020 жылдың 1-3 тоқсанына тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есептер бекітілді. 2. 2020 жылға арналған тәуекелдер тіркелімі мен карталары, сондай-ақ 2020 жылға арналған сандық тәуекел-тәбет деңгейі бекітілді. 3. Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді, талдамалық анықтама дайындалды. 4.2020 жылға арналған негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспары бекітілді. 5.Қоғамның тәуекел-үйлестірушілері тағайындалды (Басқарма төрағасының 2020 жылғы 27 мамырдағы №2138 бұйрығы). Сонымен қатар, тәуекел менеджері мынадай іс-шараларды жүзеге асырады: 1. Екінші деңгейдегі банктердің депозиттерінде/шоттарында уақытша бос ақша қаражатын орналастыру бойынша тәуекелді оқиғаларды анықтау мақсатында екінші деңгейдегі банктердің қызметіне тоқсан сайын талдау жүргізіледі. 2. Ірі мәмілелердің, өзге де шарттардың, оның ішінде Қоғам үшін әлеуетті тәуекелдерді анықтау тұрғысынан өтеулі қызмет көрсету шарттарының жобалары қаралады. 3. Қоғам әзірлейтін және шығаратын тәуекелдерді басқару бөлігіндегі ішкі нормативтік құжаттардың жобалары қаралады.

			4. Ақпарат алмасу бөлігінде тәуекелдерді басқару, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау мәселелері бойынша Қоғам қызметкерлеріне әдіснамалық және консультациялық қолдау қамтамасыз етіледі. 5. 2020 жылға арналған тәуекелдерді басқару бойынша бекітілген жоспарларға сәйкес іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүзеге асырылады. Қоғам іске асырылған тәуекелдер мен орын алған залалдардың тұрақты мониторингін жүргізеді, олар туралы ақпарат Қоғам қызметіне теріс әсері бар оқиғаларды сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, орын алған залалдардың деректер базасы тәуекелдерді сандық (статистикалық) бағалау үшін жақсы негіз болып табылады. Тәуекел менеджері тоқсан сайынғы есептердің тәуекелдер иелерінің ақпараты негізінде деректер базасын қалыптастырады, сонымен қатар сыртқы дереккөздерден (БАҚ-тағы жарияланымдар, әлеуметтік желілер және т.б.) деректерді қамтуы мүмкін. ТБЖ-ның әрбір құрамдауышын іске асыру процесінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері арасында ақпарат алмасу қамтамасыз етіледі. ТБЖ шеңберінде дайындалған барлық материалдар мен құжаттар өз ескертулері мен ұсыныстарын енгізетін мүдделі құрылымдық бөлімшелермен келісуден өтеді. Жедел тәртіппен Қоғамның жекелеген жобалары бойынша қосымша ақпарат сұратылады. ТБЖ шеңберінде Қоғам «Электрондық коммерция орталығы» АҚ Тәуекелдерді басқару саясаты мен Кодекстің негізгі қағидаттарына сәйкес өз тәуекелдеріне тұрақты мониторингті жүзеге асырады және бақылайды. ТБЖ мониторингі Қоғамның бизнес-процестерінің маңызды бөлігі болып табылады.

			Мониторинг жүргізудің мақсаты – Қоғам қызметінің туындайтын өзгерістерін, шарттарын, мақсаттары мен құрылымының өзгерістерін, кадрлық өзгерістерді, жаңа бизнес-процестердің пайда болуын және т.б. ескере отырып, ТБЖ өзекті күйде ұстау. Осыған байланысты 2020 жылдың соңында Қоғам корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізді, ол тәуекелдерді басқару жүйесін бағалауды да қамтыды. Осы бағалау қорытындысы бойынша тиісті ұсынымдар берілді, оларды орындау 2021 жылға арналған жұмыс жоспарлары шеңберінде жоспарланған. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру, ішкі аудит пен бақылауды бағалау, сондай-ақ ҚР заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында 2020 жылғы 28 ақпандағы ДК шешімімен (№2 хаттама) Қоғамның ішкі аудиторы тағайындалды. Қоғамның ішкі аудиторының мәртебесі, міндеттері, функциялары, өкілеттіктері, құқықтары, жауапкершілігі және еңбегіне ақы төлеу шарттары 2017 жылғы 5 шілдедегі ДК шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ ішкі аудит қызметі туралы ережеде айқындалған. Сонымен қатар, ДК-нің 2020 жылғы 12 мамырдағы шешімімен (№4 хаттама) «Электрондық қаржы орталығы» АҚ ішкі аудит жұмысының жоспары бекітілді. 2020 жылы Қоғамның ішкі аудиторы мынадай іс-шараларды өткізді: 1. «Электрондық мемлекеттік сатып алу» жобасын іске асыру аудиті; 2. «Е-Қаржымині» жобасын іске асыру аудиті; 3. Салықтық және кедендік әкімшілендіру саласындағы жобаны іске асыру аудиті. Ішкі аудит нәтижелері және аудитордың байқаулары бойынша ұсынымдар беріліп, ДК 2020 жылғы 15 желтоқсандағы шешімімен (№12 хаттама) бекітілген «Е-

			Қаржымині» жобасын іске асыру аудиті бойынша ішкі аудитордың ұсынымдарын орындау жөніндегі жұмыс жоспары әзірленді, сондай-ақ ішкі және сыртқы аудиттің берілген ұсынымдарына мониторинг жүргізілді. Бұл ретте, Қоғамның ішкі аудиторы ақпараттық қауіпсіздік бойынша құжаттаманы, ақпараттық жүйелер бойынша техникалық құжаттаманы әзірлеу кезінде, сондай-ақ ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігі бойынша әдістемелік және консультациялық көмек көрсетті. Қоғамның ішкі аудитін жүргізу жөніндегі іс-шаралар 2016 жылғы 27 желтоқсандағы ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын және ҚР заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүргізілді. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 76-бабына сәйкес атқарушы орган жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін аудиті ҚР аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жылға жылдық қаржылық есептілікті ұсынады. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 21-НК нормативтік қаулысымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу қағидаларына сәйкес Қоғам жыл сайын бюджет қаражатына аудит жүргізеді. 2021 жылдың 2-тоқсанына 2020 жылға арналған қаржылық есептілікті растау және Қоғам 2020 жылы игерген бюджет қаражатының арнайы мақсаттағы аудитін жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарланған.

6	**Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты**	**Сақталады**	Іскерлік этиканың, мүдделер қақтығысын болдырмаудың негізгі қағидаттары мен құндылықтары, оларды анықтау, бағалау және шешу тәсілдері Қоғамның ДК 2019 жылғы 28 маусымдағы шешімімен (№7 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ Іскерлік этика кодексінде, сондай-ақ Кодексте бекітілген. Қоғам іскерлік этиканың мынадай қағидаттарын басшылыққа алады: 1) **заңдылық** – өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қоғам ҚР заңнамасының нормаларын сақтайды, Жалғыз акционердің, ДК, мемлекеттік органдардың, өзге де ішкі құжаттардың шешімдерін орындайды; 2) **жауапкершілік** – Қоғам шарттық қатынастардан туындайтын, ҚР заңнамасының талаптарымен белгіленіп қабылданған міндеттемелер бойынша жауапты болады. Сонымен қатар, Қоғам мемлекет пен қоғам алдындағы өзінің әлеуметтік жауапкершілігін түсінеді; 3) **құпиялылық** – Қоғам ішкі (қызметтік) ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді, заңнамаға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес құпия ақпаратты қорғауға шаралар қабылдайды; 4) **құзыреттілік** – Қоғам ашық конкурстық рәсімдер негізінде, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес қызметкерлерді іріктеуді жүзеге асырады, қызметкерлер үшін кәсіби білім мен дағдылар деңгейін арттыруға,өзінің кәсіби қабілеттерін іске асыруға, әлеуетті дамытуға, мансаптық өсу перспективасына ие болуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасайды; 5) **ашықтық** – Қоғам өз қызметі, жетістіктері туралы ақпараттың барынша ашықтығы мен сенімділігіне ұмтылады. Ақпаратты ашу Қоғамның оң имиджі мен жағымды іскерлік беделінің қалыптасуын қамтамасыз етуге арналған;

			6) **құрмет** – Қоғам қызметкерлері нәсіліне, тіліне, саяси және діни сенімдеріне, жынысына, ұлттық және мәдени тегіне қарамастан тең және әділ қарым-қатынас жасауға құқылы; 7) **патриотизм** – мемлекет тарапынан Қоғамға жүктелген жоғары сенім және оның әлеуметтік жауапкершілігі патриотизм сезімін тудырады және ұлттық экономиканы дамытуға ықпал етіп, мемлекет үшін барынша пайданы қамтамасыз етуге деген ұмтылысқа бастайды. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде ҚР мемлекетінің рәміздеріне құрметпен қарайды, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтайды, мемлекеттік және басқа тілдерге, барлық халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарайды, қоршаған ортаға құрмет көрсетеді және ұқыпты қарайды. Сонымен қатар, тиісті еңбек тәртібін қолдау, Қоғамда еңбек тәртібін бұзуға жол бермеу және оның алдын алу мақсатында Қоғам Басқармасының 2019 жылғы 20 қыркүйектегі шешімімен (№16 Хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ ішкі еңбек тәртібінің қағидалары *(бұдан әрі – Қағидалар)* әзірленді. Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, 2020 жылы Қоғамның тәртіптік комиссияларының 2 отырысы өткізілді. Тәртіптік комиссияның әрбір құрамы Қоғам қызметкерлері жасаған теріс қылықтар бойынша барлық мән-жайларды қарап, құпия ақпарат талаптарын бұзғаны, сондай-ақ еңбек міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жаза қолдану жөнінде шешімдер шығарды.

7	**Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен әділдігі қағидаттары**	**Сақталады**	2017 жылғы 5 шілдедегі ДК шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «Электрондық коммерция орталығы» АҚ құпия ақпараты туралы ереже ақпаратты қолжетімділік санаттарына жатқызу тәртібін, пайдалану шарттарын және коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуді айқындайды. Ақпаратты ашуға және қорғауға қойылатын қағидаттар мен тәсілдер, мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпарат тізбесі, ақпаратты ашу мерзімдері, тәртібі, тәсілі, нысаны, олардың функциялары мен міндеттері көрсетілген жауапты лауазымды адамдар мен қызметкерлер, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін басқа да ережелер ДК-нің 2018 жылғы 30 қаңтардағы шешімімен бекітілген «Электрондық коммерция орталығы» акционерлік қоғамының қызметі туралы ақпаратты ашу саясатында көзделген (№1 хаттама). Ақпаратты уақтылы ашу бөлігінде Басқарма төрағасының 2020 жылғы 14 қазандағы № 283 бұйрығымен «Электрондық қаржы орталығы» АҚ ашуға жататын ақпараттың мазмұнына, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу мерзімдеріне қойылатын талаптар бекітілді. Сонымен қатар, веб-сайтты құрылымдау үшін (**https://ecc.kz**) Қоғам Басқарманың 2019 жылғы 20 қыркүйектегі шешімімен (№16 хаттама) және Қоғам Басқармасы төрағасының 2020 жылғы 17 ақпандағы № 70 «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметі туралы ақпаратты корпоративтік интернет-ресурста ашудың ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету туралы» бұйрығымен бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» АҚ бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау және ақпараттық материалдарды «Электрондық қаржы орталығы» АҚ корпоративтік интернет-ресурсында орналастыру қағидаларын басшылыққа алады.